

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 18 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимін қосыңыздар.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 86. Күн тәртібі бекітілді.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Аталған келісім Бішкек қаласында 2022 жылғы 26 мамырда жасалған.

Келісімнің мақсаты апатқа ұшырау жағдайындағы немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын іздеу және құтқару үшін мемлекеттердің іздестіру-құтқару қызметтері арасындағы Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттарына сәйкес ынтымақтастық болып табылады.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұртай Салихұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88.

Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданындағы индустриялық сауда-логистикалық кешеннің қызметін құру және реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Осы келісім Астанада 2023 жылғы 9 маусымда жасалды.

Келісімнің мақсаты индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру болып табылады.

Кешен Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттерінің шекаралас аумақтарындағы «Қарасу» автожол және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттерінің жанындағы Қазақстан және Қырғызстан бөліктерінен тұратын болады.

Келісім екі мемлекет арасындағы сауда-логистикалық салада бизнесті жүргізу шарттарын жақсартуға мүмкіндік береді және екіжақты қатынастарды дамытуға ықпал ететін болады.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Нұртай Салихұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы депутат Такиев Мәди Төкешұлына беріледі.

ТАКИЕВ М.Т. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Аталған заң жобасы Мәжіліске Үкіметтің №856 қаулысымен 2023 жылғы 4 қазанда енгізілді.

Заң жобасын әзірлеудің мақсаты Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу саласындағы заңнамасын жетілдіру, әрі капиталдың елден шығарылуын бақылау шараларын күшейту болып табылады.

Өз кезегінде бұл халықаралық іскерлік операцияларда және олармен байланысты мәмілелерде мемлекеттік кірістің азаюын болдырмауға жағдай жасауын көздейді.

Қаржы және бюджет комитеті осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Мәди Төкешұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Такиев Мәди Төкешұлына беріледі.

ТАКИЕВ М.Т. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Аталған заң жобасы Мәжіліске Үкіметтің №884 қаулысымен 2023 жылғы 6 қазанда енгізілді.

Заң жобасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа кейбір өзгерістер енгізетін және одақ шеңберінде электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде қосылған құн салығын алу тәртібін анықтайтын хаттаманы ратификациялауға бағытталған.

Заң жобасының негізгі міндеттері электрондық қызметтерді өткізу саласында бизнес жүргізуді жеңілдету және салықтық әкімшілендіруді оңайлату болып табылады.

Қаржы және бюджет комитеті осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Мәди Төкешұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 85, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 83, «қарсылар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу

және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты жаңа редакцияда ұсынған жекелеген баптары жөнінде.

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлына беріледі.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне осы жылдың 23 мамырында енгізілді. Оған бастамашы болған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары.

Заң жобасының негізгі мақсаттары кәметке толған кезде жиналған қаражат есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе білім алуға мүмкіндік жасау мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының өскелең ұрпағын қолдау болып табылады.

Ағымдағы жылдың 20 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған заң жобасы Парламент Сенатының қарауына жіберілген болатын.

Сенат 13 қазанда заң жобасын кері қайтарды.

Заңға он түзету енгізілді, оның ішінде бес түзету редакциялық нақтылау сипатында, бес түзету заңның жекелеген нормаларын ішкі және заңнамалық актілерге сәйкес келтіруді көздейді.

Атап айтқанда, мақсатты жинақтарды Бірыңғай зейнетақы қорындағы шоттарға аударып, екінші деңгейлі банктерде ұлттық пошта операторында ашылған банк шотына аударуды реттейтін нормалардағы долларды теңгеге айырбастауды аударым күні емес, аудару кезінде деп өзгертілді.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңның қолданылуын тоқтатуға байланысты терминологияны біріздендіру үшін «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзету енгізілді.

Сенат енгізген түзетулер заң жобасының тұжырымдамалық ережелерін өзгертпейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, комитет Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өзгерістерімен және толықтыруымен келісуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Тұрсынбекұлы.

Құрметті әріптестер, қандай пікірлеріңіз болады? Келісеміз ғой?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Онда бұл мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «дауыс бермегендер» – 2, «жақтағандар» – 86. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі екі мәселе бір-бірімен байланысты, сондықтан олар бойынша ортақ баяндама жасауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі Заң жобасы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе Заң жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы депутат Такиев Мәди Төкешұлына беріледі.

ТАКИЕВ М.Т. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі және оған ілеспе салық салу мәселелері бойынша заң жобалары ұсынылып отыр.

Заң жобаларының негізгі нормалары Мемлекет басшысының кейбір тапсырмаларын және Конституциялық Соттың шешімдерін жүзеге асыруды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге бағытталған.

Біріншіден, бүгінгі күні баршамызды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің бірі – халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту үшін жеке тұлғалардың берешегі микроқаржылық ұйымдармен, коллекторлық агенттіктермен кешірілген кезде қалыптасатын кірістерді салық салудан босату көзделіп отыр.

Сонымен қатар жеке тұлғалардың проблемалық микрокредиттері есептен шығарылуына байланысты микроқаржы ұйымдарының кірістерін салық салудан уақытша, яғни үш жылға босату қарастырылып отыр.

Екіншіден, негізгі заң жобасы аясында балаларға Ұлттық қордың табысынан аударылатын нысаналы жинақтарды салықтан босату ұсынылып отыр.

Үшіншіден, еліміздің азаматтары мен заңды тұлғалары сотқа жүгінгенде айқындалған мемлекеттік бажды төлеуге мүмкіндігі болмаған жағдайда конституциялық құқығын толық пайдалануын қамтамасыз ету үшін осы төлемді кейінге қалдыру тетіктері ұсынылады.

Төртіншіден, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банк ноталары бойынша салық салынатын кірісін азайтуға мүмкіндік беретін құқығын алып тастау жоспарланып отыр. Бұндай қадам оларды бос қаражаттары есебінен экономиканың нақты секторын, соның ішінде бизнесті кредиттеуге бағыттайды деген сеніммен жасалып отыр.

Бесіншіден, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру мақсатында олардың қатысушыларына салықтық жеңілдіктер берудің сараланған тәсілін енгізу ұсынылады.

Одан бөлек, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде алкоголь және темекі өнімдеріне акциздердің ставкаларын кезең-кезеңімен арттыру жұмысы аясында сыра қайнату өнімдеріне акциздер ставкаларын литріне 79 теңгеден 90 теңгеге дейін көтеру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар негізгі заң жобасы аясында салықтық әкімшілендіруге қатысты қолданыстағы Салық кодексінің кейбір нормалары нақтыланды. Оның ішінде жеке тұлғалардың кірістері мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялау науқанының алғашқы екі кезеңінің өту нәтижелерін ескере отырып, алдағы декларациялау үрдісіне біраз жеңілдіктер енгізетін нормалар қарастырылған.

Жалпы алғанда, аталған заң жобаларының негізгі тұстары осылар.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Шапақ Үнзила.

ШАПАҚ Ү. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Сот әкімшілігінің өкіліне.

Заң жобаларында жеке және заңды тұлғаларға соттарда мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыруға рұқсат беретін норма бар. Бұл норма өте жақсы норма болып табылады, өйткені бұл ең алдымен біздің қарапайым халыққа арналған. Халықтың көпшілігі мемлекеттік бажды төлеу мүмкіндігінің болмауына байланысты сотқа жүгіне алмай кейінге қалдырып жатады, содан қиындықтар туындайды. Сондықтан кейінге қалдыру мерзімі бір жылға ғана беріліп отыр. Осының мерзімін ұзарту мүмкіндігі бар ма? Неге бір жыл мерзімді алып отырмыз? Жеке тұлғалардың қаржылық мүмкіндіктерін ескеріп осы мерзімді кішкене ұзартсақ қалай болады?

ТАКИЕВ М.Т. Рақмет, Үнзила Шапаққызы. Сұрағыңыз өте орынды.

Өздеріңіз білесіздер, осы жылдың наурыз айында Президенттің тапсырмасына сәйкес біз баждардың ең жоғарғы шегін белгілегенбіз. Қазір бізде жеке тұлғалар үшін 1 пайыз, бірақ ол 10 мың айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Заңды тұлғалар үшін 3 пайыз, бірақ ол 20 мың айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Сондықтан осы қаралып отырған норманы жеңілдік деп есептеуге болады.

Мерзімін ұзарту жөнінде. Енді бұны практика жүзінде көрейік, содан кейін оны мемлекеттік органдармен қарастыруға болады деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Сот әкімшілігінің микрофонын қосыңыздар.

МУСРАЛИНОВ А.С. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Үнзила Шапаққызы.

Бұл өзгерістер Конституциялық Соттың нормативтік қаулысын орындау үшін әзірленді. Біз мемлекеттік бажды бір жылға дейін төлеуді ұсынып отырмыз. Ол неге бір жыл дегенге келсек, осы уақыт ішінде іс соттың барлық инстанциясынан өтеді, сондықтан бұл мерзім оңтайлы болып табылады және ұзартуды қажет етпейді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Исабеков Данабек Ержанұлы.

ИСАБЕКОВ Д.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкіліне.

Бүгін қаралып отырған заң жобасында микроқаржы ұйымдары жеке тұлғалардың кредиттері бойынша берешекті есептен шығарған жағдайда үш жылға салықтық жеңілдік беріп отыр. Сондай-ақ борышты есептен шығарған кезде коллекторлық агенттіктер жеке тұлғалардың кірістерін салық салудан босатуды ұсынып отыр. Бүгінгі таңда екінші деңгейдегі банктерде осындай жеңілдіктер бар. Бірақ іс жүзінде банктер бұны қолданып отырған жоқ, өйткені бүгінгі таңда ол банктердің міндеті емес, құқығы. Осыған байланысты сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Борышкерде объективті себептер болған жағдайда мұны микроқаржылық ұйымдардың құқығына емес, міндетіне неге жатқызбаймыз?

Екінші. Бүгінгі таңда осы жеңілдіктерді қолданудың тиімділігі қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

ӘБДІРАХМАНОВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет. Сұрақ өте орынды.

Біз бұл мәселе бойынша депутаттардың алаңдаушылығын түсінеміз. Бірақ бір жайтты айта кету керек. Коллекторлық агенттіктер мен микроқаржылық ұйымдар кәсіпкерлік субъектілер болып табылады, сондықтан олардың экономикалық мәселелерге араласуы оңтайсыз деп ойлаймын.

Сонымен қатар заң шеңберінде осы нормалар қабылданса, микроқаржылық ұйымдардың проблемалық қарыздарын өшіруге және қарыз алушылардың кредиттерін кешіруге мүмкіндік береді. Бұл мәселелер бойынша біз депутаттармен бірге жұмысты жалғастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика министрі, осы мәселе бойынша қосатыныңыз бар ма?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Бәрі айтылды.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос Министерству национальной экономики.

Предлагаемым законопроектом предусматривается исключение действующего права банков второго уровня на уменьшение налогооблагаемого дохода по нотам Национального Банка. Предполагается, что данная норма также станет дополнительным стимулом вкладываться банкам в кредитование реальных проектов бизнеса.

Кроме того, на рассмотрение рабочей группы депутатами была предложена поправка по исключению такой льготы по доходам не только банков, но и юридических лиц, в виде вознаграждений и прироста от стоимости по государственным ценным бумагам,

в том числе выпускаемых Правительством и местными исполнительными органами. Наверное, уже пришла пора, что государственные ценные бумаги должны приносить дополнительные поступления в бюджет.

В связи с этим у меня два вопроса.

Первый вопрос: каково Ваше мнение по исключению действующей льготы не только для банков, но и для юридических лиц?

Второй вопрос: насколько сегодня прибыльны государственные ценные бумаги?

ТӨРАҒА. Вопрос Министру национальной экономики. Пожалуйста, Алибек Сакенович.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Асхат Нұрмағамбетұлы! По нотам Национального Банка было поручение Главы государства о том, чтобы распределить накопленную прибыль банков, которую они получили за счет нот Национального Банка. Это касается не только, наверное, банков, но и других юридических лиц. Если юридическим лицам оставить эту льготу, то они будут выводить деньги из депозитов банков и вкладывать в данные ноты, что отрицательно скажется на рынке кредитования. Мы считаем, что здесь должны быть равные условия как для банков второго уровня, так и для юридических лиц, в принципе, всех участников рынка.

Что касается ставок нот и ГЦБ, то в целом они справедливые, они соответствуют базовым ставкам, которые устанавливает Национальный Банк. По нотам доходность выросла с 2000 года по мере роста самой базовой ставки. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлы.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Заң жобасында жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде азаматтардың декларация тапсыруының бірыңғай мерзімі 15 қыркүйек деп белгіленген. Ал қолданыстағы нормаға сәйкес жеке тұлғалар декларацияны қағаз жеткізгіште 15 шілдеге дейін және электронды түрде 15 қыркүйекке дейін тапсыруы тиіс.

Екіншіден, жыл сайынғы кірістер мен мүлік туралы декларацияда азаматтар жалақыны, зейнетақыны және әлеуметтік төлемдерді қоспағанда қосымша кірістерді ғана көрсететін болады. Сондай-ақ азаматтарға Қазақстан аумағында мүлікті сатып алу және иеліктен шығару туралы акпаратты көрсетудің қажеті жоқ. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Көптеген азаматтардың жылдық табысы негізінен жалақы, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер есебінен қалыптасатынын ескере отырып, «таза» декларацияны тапсырудың немесе кірістер бөлігінде «нөл» деген соманы көрсетудің қажеттілігі бар ма? Сіздер мұндай азаматтарды декларация тапсырудан босатасыздар ма? Негізі жалпыға бірдей декларациялау принципі бұзылмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігінің өкілі.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Тілектес Серікбайұлы! Қазір жалпыға бірдей декларация өткізудің екінші кезеңі жүргізіліп жатыр. Бізде екі мерзім көрсетілген болатын. Сол екі мерзімді бір мерзімге ауыстыру көзделіп отыр. Қазір барлық декларация электронды түрде берілуде, ол үшін барлық жағдай жасалған, қосымшалар арқылы, «электронды үкімет» арқылы өткізуге болады. Сондықтан тапсыру мерзімін 15 қыркүйек деп бір мерзімді бекітуді қолдауларыңызды сұраймыз.

Сонымен қатар біз жалпыға бірдей декларация процесін жеңілдету үшін, мысалы, мекемелерде салығы ұсталынып, жалақысы берілетін болса, оларды декларацияда көрсетпеу нормасын қарастырып отырмыз. Себебі декларация тапсырудың осы екі кезеңінде біз оны 99 пайыз жалақы екенін көрдік. Олардың берген деректерін біз жалақы беретін мекемелердің 200-ші нысанасы арқылы да көре аламыз. Сондықтан жеке тұлғаларға 270-ші форманы тапсырудың қажеті жоқ. Бірақ айта кету керек, концепция сақталу үшін, яғни осы жалпыға бірдей декларацияға кіру үшін 250-бапқа байланысты бастапқыда барлық активтер көрсетіледі. Келесі декларацияда жалақыны көрсетудің қажеті жоқ, ал басқа табыс көздері болса, тек соны көрсетуі керек. Бұл жалпыға бірдей декларация процесін жеңілдетеді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сәдібеков Ұласбек.

СӘДІБЕКОВ Ұ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Қазір сауда ұйымдары, құрылыс компаниялары, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктер қызмет көрсету, сатып алу нәтижелері бойынша өздерінің клиенттеріне ұсынылған әртүрлі жеңілдіктерді, бонустарды сол клиенттің кірісі деп қарастырмауды ұсынып отыр. Ал бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер өздерінің декларацияларында аталмыш ұйымдардан алған әртүрлі бонустарды кіріс көзі деп қарастырады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Норма қабылданған жағдайда және норма 2018 жылдан бастап ретроспективті түрде әрекет ететінін ескерсек, мемлекеттік қызметшілер өздерінің табыс көзін азайту үшін тағы қосымша декларация тапсыруы қажет пе? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігі, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Рақмет, Ұласбек мырза.

Біз бұл мәселені талқылаған болатынбыз. Жалпы, жеке тұлғалардың барлық табыстары көрсетіліп, салық төленуі керек. Салық кодексінің 319-бабына сәйкес кейбір табыстар салықтан босатылады, мысалы, іссапар шығындары, арнайы киімге берілетін төлемдер табыс көзі болып саналмайды. Біз осы нормаға бонустарды да қосуды орынды деп санаймыз. Себебі тауар сатып алған кезде оған түскен бонусты жеке тұлғаның қолына бермейді, бұл тек шартты түрдегі табыс, ол келесі сатып алатын тауарда ескеріледі. Егер бұл табыс деп саналса, онда 13 миллион азамат декларацияларында оны көрсетуі керек болады. Сондықтан бонусты табыс деп көрсетпеу үшін оны алып тастау керек деп

санаймыз. Егер бұл норма қабылданбаса, онда мекемелер тауарды сатқан кезде жеке тұлғаның мәліметтерін алуы керек, ол туралы нысана беруі керек. Бұндай әкімшіліктендіру өте күрделі және салық мөлшері өте аз болады. Сондықтан бұл норманы қабылдау керек деп санаймыз.

Егер қарапайым азаматтар, мемлекеттік қызметшілер нысана тапсыратын болса, онда салық бойынша қосымша дерек көздерін көрсету немесе қосымша декларация толтыру қажет емес деп санаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы.

ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өкіліне.

Мемлекет басшысы арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігі туралы және жұмысын қайта қарау керектігі туралы мәселені бірнеше рет көтерген болатын.

Өздеріңізге белгілі, елімізде осындай 14 аймақ бар. Оның үш-төртеуі ғана тиімді жұмыс жасап тұр, біреуі тоқтап тұр деген ақпарат бар. Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың қатысушыларына 25 жылға бір-ақ рет беріледі. Және салықтық жеңілдіктер де беріледі.

Қаралып отырған заң жобасында 10 миллиард салса, 7 жылға, 50 миллиардқа дейін салса, 15 жылға, 50 миллиардтан жоғары салса, 25 жылға беріледі. Яғни, салынған инвестицияларға байланысты белгілі бір мерзімге санаттар бойынша салықтық жеңілдіктер беріледі. Осыған байланысты менің бірнеше сұрағым бар.

Бірінші. Осы жаңа тәсілді енгізуден не ұтамыз, не күтеміз?

Екінші. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі қатысушыларына қойылатын жаңа талаптар қандай болмақ?

Үшінші. Жаңа қызмет түрлері қайта қарала ма? Сондай-ақ оның бюджетке пайдасы қандай? Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

ОСПАНОВ І.Е. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Мархабат Жайымбетұлы. Сұрақтарыңыз орынды.

Бірінші сұрақ бойынша. Бізде Арнайы экономикалық аймақтардың басым бағыттары деген тізім бекітіледі, ол соған сәйкес кіреді. Қазіргі процедураға сәйкес ол кішкене ұзақ уақыт алады, ол инвесторларды алшақтатады. Сондықтан бұндай жағдай болмас үшін біз барлық бағыттарды зерделеп, лимиттерін белгіліп, арнайы экономика аймақтарға осы мүмкіндіктерді бермекшіміз. Сонда уақыт проблемасы шешілетін болады.

Екінші сұрақ бойынша. Оларға қойылатын талаптарды да анықтадық. Өздеріңіз білесіздер, өнеркәсіп туралы заңға сәйкес талаптар қойылады. Ол жерде талаптың екі түрі бар. Яғни, қандай іс-шаралар атқару керек, не салу керек және қандай өндіріс деңгейіне шығу керек деген талаптар қойылады.

Сондай-ақ оның саласына байланысты тағы басқа жеке талаптар қарастырылуы мүмкін. Бірақ келісімшарт кезінде ол анықталып, екі жақпен келісіліп жасалынады.

Үшінші сұрағыңыз бойынша. Бюджетке пайда келтіру бұл ең басты мәселелердің бірі. Жоба 25 жылға жасалынады. Бірақ кейбір жобалар рентабельді болғандықтан тезірек нәтижесіне жетіп, ары қарай қызметін атқара алады. Сонымен қатар нарықта басқа да компаниялар жұмыс істеп, бір-ақ салық төлеп отырады, сол кезде тепе-теңдік болмай қалады. Сондықтан біз арнайы экономикалық аймақтарға кіретін қатысушылардың санын қысқартып отырмыз. Дегенмен салықтың жалпы сомасы ұлғаяды, өйткені саны көбейеді.

ТӨРАҒА. Депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Бүгінде Қазақстанда, әсіресе үлкен қалалар мен мегаполистерде қалдықтарды кәдеге жарату мәселесі өте өзекті болып отыр.

Қаралып отырған заң жобасында шыны ыдыстарды жинаумен және қабылдаумен айналысатын шағын бизнес субъектілеріне арнаулы салық режимін қолдану мүмкіндігін беру көзделеді.

Мен бұл норманы қолдаймын. Өйткені бұл норма белгілі бір шамада қоқысты қайта өңдеу мәселесін шешуге ықпал етуге тиіс. Осыған орай менің сұрағым бар.

Уақытында бұл бизнес түрі арнайы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерінің қатарына қандай себептерге байланысты кірмей қалды? Сондай-ақ біздің заңнамада қалдықтарды кәдеге жарату қызметін қолдау үшін тағы қандай салықтық жеңілдіктер көзделген?

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика министрі, сұраққа жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Ержан Алмабекұлы.

Бұрынғы арнайы салық режимі бойынша кейбір қызмет түрлері кірмеді, оның ішінде шыны ыдыстарды жинау және қабылдау болған. Оның негізгі себебі, мысалы, алкоголь өнімдерін өндіру көлеңкелі экономика негізінде болған. Ал енді қазір нарық жағдайына байланысты ол ашық түрде жүзеге асырылып жатыр. Енді осындай салаларды арнайы салық режимі бойынша өткізуге болады. Сол себепті олар енгізілді. Жалпы, корпоративтік табыс салығы сияқты, арнайы салық режиміне қосу сияқты жеңілдіктер бар. Сонымен қатар салықтық емес басқа да жеңілдіктер бар, олар Экологиялық кодексте көрсетілген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Авершин Константин Викторович.

АВЕРШИН К.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики.

Понятно, что рассматриваемые сегодня законопроекты направлены на реализацию отдельных поручений Главы государства и на точечные уточнения норм действующего налогового законодательства, но все же мы ждем в декабре текущего года проект нового Налогового кодекса. У депутатов очень много вопросов, особенно по итогам поездки по регионам.

Вместе с тем до заявленного срока осталось всего полтора месяца, и настораживает тот факт, что до сих пор отсутствует концепция нового кодекса, нет четкого плана, что будет меняться в налоговой политике. Мы не видели еще редакции проекта кодекса, хотя до внесения в Парламент, я думаю, Правительство должно его обсудить публично.

К тому же планируется, что новый кодекс должен заработать с 1 января 2025 года. Времени осталось катастрофически мало. В этой связи у меня следующий вопрос: когда будет внесен в Парламент проект нового Налогового кодекса, чем он будет концептуально отличаться от действующего? Рақмет.

ТӨРАҒА. Министр национальной экономики, Вам вопрос.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Константин Викторович! У нас, в принципе, по срокам еще время есть. Дело в том, что у нас по Общенациональному плану срок – в первой половине следующего года.

Мы выработали общие подходы и сейчас обсуждаем их с отдельными фракциями, которые представлены в Мажилисе. В частности, частично обсудили уже с партией «АМАНАТ» Мы сейчас договорились с Мади Токешовичем, что будем блочно обсуждать. По нашей инициативе отдельно обсудили с фракциями партий «Respublica» и «Ақ жол». Кстати, на этой неделе еще раз встречаемся с «Ақ жол» по обсуждению повышения НДС.

Здесь основной подход, как отметил Глава государства, – это усиление администрирования. Мы видим в улучшении администрирования большой потенциал. Там несколько триллионов, в том числе за счет дальнейшей цифровизации, что параллельно будет снижать теневую экономику. Тотальная цифровизация поможет практически до нуля свести теневые платежи.

По нашему мнению, надо максимально переходить на безналичные платежи между юридическими лицами. Казахстан уже является лидером по электронным платежам, между юридическими лицами надо выводить все это на новый уровень.

Три основных принципа в новом Налоговом кодексе – расширение налогооблагаемой базы, повышение транспарентности, соответствие международным стандартам. Так как Казахстан планирует вступить в ОЭСР, мы работаем сейчас по соответствию международным стандартам, в том числе и налоговым, и это будет касаться в том числе перераспределения налоговой нагрузки на более высокодоходные отрасли. Здесь мы планируем ввести повышение НДС, на что есть определенные причины, это мы сейчас обсуждаем. Причем это может быть в том числе дифференцированный НДС, если идти через вычеты.

Также мы анализируем ряд льгот, многие из которых неэффективны. Вы об этом знаете, и об этом говорила Высшая аудиторская палата.

Введение налога на роскошь. В целом мы планируем облегчить Налоговый кодекс как для налогоплательщиков, так и для сбора налогов для органов государственных доходов. В целом понимание Налогового кодекса облегчится, так как будут прямые нормы. Мы готовы обсуждать, потому что вопрос очень большой. Я думаю, надо к нему тщательно подойти, не торопиться. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сабильянов Нұртай Салихұлы.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігіне және Жоғарғы Сот өкіліне.

Жалпы, жеке тұлға немесе заңды тұлға сотқа талап-арыз берген кезде мемлекеттік баж салығын кейінге шегеру мәселесі заң жобасында қарастырылып отыр. Жеке тұлға заңды тұлғамен соттасып талап-арыз берген кезде мемлекеттік баж салығын кейінге шегерсе, ол дұрыс, өйткені жеке тұлғаның жағдайы болмауы мүмкін. Бірақ заңды тұлға бір-бірімен соттасып жатса немесе ірі кәсіпорындар, олигархтар бір-бірімен соттасып жатса, оларға біз неге мемлекеттік баж салығын кейінге шегеруге мүмкіндік беруіміз керек? Сондықтан бұл норманы тек жеке тұлғаға қарастыруымыз керек деп ойлаймын. Ірі кәсіпорындар, яғни кәсіпкерлік субъектілер өз мүмкіндіктеріне қарамай бір-бірімен соттасып жатса, не үшін олар мемлекеттік баж салығынан босатылуы керек? Соттасуға оларда мүмкіндіктер болуы керек, ойлануы керек. Сондықтан олар уақытында мемлекеттік баж салығын төлеу керек деп ойлаймын. Ал жеке тұлғалар бойынша келісуге болады.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігі.

БІРЖАНОВ Е.Е. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Нұртай Салихұлы.

Иә, біз бұл мәселені қарадық, Конституциялық Сот отырысында да талқыланды болатын. Өзіңіз айтып кеткендей, жеке тұлғалар екінші рет, үшінші рет сотқа барған кезде баж салығын азайту көзделген болатын.

Енді заңды тұлғалар бойынша. Әртүрлі заңды тұлғалар болады, яғни шағын заңды тұлғалар бар. Олардың мөлшеріне дифференциация жасау қиын болар деп санаймыз. Оларды бөлу күрделеніп кетуі мүмкін. Сондықтан жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да сотқа жүгіну қолжетімді болу тұрғысында осы нормалар ұсынылып отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сот әкімшілігі.

МУСРАЛИНОВ А.С. Спасибо за вопрос.

Действительно, вопрос очень сложный. Если говорить о самой шкале (1 процент – для физических лиц, 3 процента – для юридических лиц), то она признается международными экспертами справедливой и универсальной, так как учитываются три фактора: первый фактор – имущественный характер; второй фактор – разделение по субъектам, то есть физические и юридические лица; третий фактор – размер госпошлины зависит от суммы иска.

В европейских странах правосудие само по себе дорогое, поэтому там пошлина гораздо выше. Если взять постсоветские страны, то нам часто приводят в пример Россию, где установлен предел в 60 тысяч рублей (300 тысяч тенге), но там госпошлина дороже. Для тех, у кого сумма иска маленькая, есть нижний предел – 4 процента, не менее 400 рублей (около 2000 тенге).

Например, при иске в 20 тысяч тенге в Казахстане нужно заплатить 200 тенге государственной пошлины, а в России это будет уже около 2000 тенге.

ТӨРАҒА. Депутат Сабильянов. Екінші рет.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Сот әкімшілігі басшысы басқа мәселені айтып кетті. Сондықтан бұл мәселені екінші оқылым барысында пысықтауды ұсынамын.

ТӨРАҒА. Жақсы. Соттасу рәсімдерін жақсы білетініңізді көрсеттіңіз.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Мади Төкешұлы, сізге рақмет. Орныңызға отыра беріңіз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі, депутат Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлына беріледі.

ЕРГЕШБАЕВ М.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобалары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылығымен Мәжіліске 2023 жылғы 29 маусымда енгізілді.

Заң жобалары негізінен Мемлекет басшысының кейбір тапсырмаларының және Конституциялық Сот қаулысын жүзеге асырылуын заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге және салық заңнамасының кейбір нормаларын жақсартуға бағытталған.

Қаралып отырған заң жобаларының негізгі мақсаттары, міндеттері мен тұжырымдамалық сәттері туралы баяндамашы өз баяндамасында егжей-тегжейлі атап өтті.

Осыған орай қайталамай, Мәжіліс қабырғасында заң жобалары бойынша атқарылған жұмыстар туралы қысқаша ақпарат беруге рұқсат етіңіздер.

Заң жобалары бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Қазақстан ұлттық кәсіпкерлер палатасының және салалық қауымдастықтары өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының төрт отырысы және Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысы өтті.

Заң жобалары аясында жұмыс тобының қарауына депутаттар мен Мәжіліс Аппаратының Заңнама бөлімінен 60-қа жуық түзетулер келіп түсті. Депутаттардан келіп түскен түзетулер заң жобаларының тұжырымдамасына қайшы келмейді, алайда мемлекеттік кірістерді қысқартуды көздейді. Сол себепті олар Үкіметке қорытынды алуға жіберілді. Жұмыс тобы оларды осы заң жобаларын екінші оқылымда қарауға дейін мұқият қарастыратын болады.

Тағы ескеретін жайт, баяндамашы атап өткендей, заң жобаларының негізгі нормаларын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізу жоспарланып отыр.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобаларына оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Мұрат Нәлқожаұлы, рақмет сізге.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Жұбанов Әділ Орынбасарұлына беріледі.

ЖҰБАНОВ Ө.О. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Мен қаралып отырған заң жобаларын қолдаймын, әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Баяндамашы атап өткендей, бұл заң жобалары негізінен Мемлекет басшысының жеке тұлғалардың микрокредиттері бойынша берешекті есептен шығару кезінде екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының кірістеріне салық салу бөлігіндегі жекелеген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Заң жобасының жағымды тұстарының бірі – жеке және заңды тұлғаларға соттарда мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыруға мүмкіндік беру. Бұл түзетуді өзінің конституциялық құқықтарын жеткілікті дәрежеде іске асыра алмаған кәсіпкерлер көп күтті.

Заң жобалары шеңберінде қолданыстағы салық жеңілдіктерін оңтайландыру бойынша жұмыс басталғанына жеке назар аударғым келеді.

Мысалы, арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру мақсатында салықтық жеңілдіктер инвестициялық салымдардың сомасына тәуелді болады. Принцип бойынша сіз көбірек инвестиция салсаңыз, көбірек салық жеңілдіктерін аласыз.

Сонымен қатар бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жөнінде түбегейлі түрде өзге саясатқа көшу қажеттігін айтқан болатын.

Осыған байланысты Үкіметке арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бөлінісінде қазіргі бар басым қызмет түрлерін олардың санын оңтайландыру жағына қарай қайта қарауды ұсынамыз.

Арнайы экономикалық аймағы аумағына инновациялық жобалары бар лайықты бизнес субъектілері кіруге тиіс, олар заманауи, өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістердің дамуын жеделдететін, елдің жалпы ішкі өнімінің өсуіне тиімді әсер ететін болады.

Заң жобасында салықтық әкімшілендіруге де ерекше назар аударылады. Осылайша, салықтық тексеру, камералдық бақылау, салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жөніндегі нормалар және электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеу туралы шешімді бағыттау тәсілдері және басқа да нормалар нақтыланады.

Жалпы, қаралып отырған заң жобалары шеңберінде ұсынылатын нормалар салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге, салық салынатын базаны кеңейтуге, отандық тауар өндірушілерді қолдауға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Қолданыстағы Салық кодексіне бүгінгі ұсынылып отырған толықтырулар мен өзгерістер Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Конституциялық Соттың қаулыларын іске асыруға бағытталған.

Болашақта жаңа Салық кодексін күтетінімізді және әріптестермен бірге онымен егжей-тегжейлі жұмыс істейтіндігімізді атап өткім келеді.

Жаңа кодекске бізде көбірек уақыт болады және сол кезде халық пен бизнестің барлық тілектерін ескеріп, депутаттардың жұмыс топтарында айтқан барлық тұжырымдамалық мәселелерін талқылайтын боламыз.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды және осы заң жобаларының өзектілігін ескере отырып қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемые коллеги, фракция «Ақ жол» в целом поддерживает этот законопроект, но считает возможным и необходимым расширить его потенциал. В этой связи фракция «Ақ жол» направила пакет своих предложений к данному документу.

Первый блок наших предложений связан с улучшением инвестклимата. Мы предлагаем вернуть освобождение от налогов дивидендов по ценным бумагам частных эмитентов на фондовом рынке. Считаем прошлогоднее решение о введении налогов на дивиденды ошибочным и сдерживающим инвестиции.

Аналитики «Halyq Finance» при анализе чистого притока инвестиций констатировали в прошлом году отток иностранных инвестиций в 3,8 миллиарда долларов, а за первый квартал текущего года – более 600 миллионов долларов.

До сих пор по государственным ценным бумагам и нотам Национального Банка ни банки, ни юрлица не платили налоги, а инвесторы в реальную экономику платят. Получается, средства на госрасходы важнее, чем инвестиции в экономику? Это же неправильно. Это фактор, сдерживающий инвестиции, поэтому предлагаем от него отказаться.

Второй блок наших поправок связан с системой налогообложения в ЕНПФ. Мы по такому же принципу предлагаем освободить от индивидуального подоходного налога инвестдоходы от накоплений на пенсионных счетах граждан в ЕНПФ.

Дело в том, что платежи в ЕНПФ – это обязательные платежи, а по теории общественного договора обязательные платежи равнозначны налогам. Облагать налогом обязательные платежи – это налог на налог. Средства ЕНПФ работают на экономику, в период кризиса они должны использоваться для латания дыр в бюджете, поэтому мы предлагаем освободить от подоходного налога и инвестдоход ЕНПФ, и сами пенсионные накопления. Они поработали, создали прибавочную стоимость для экономики и бюджета, поэтому пенсионеры имеют право получать их без налогообложения.

Третий блок поправок «Ақ жол» связан с признанием сделок недействительными. Сейчас уважаемый Министр национальной экономики Куантыров Алибек Сакенович сказал, что не надо торопиться с некоторыми вещами, но дело в том, что проблема признания сделки недействительной – это бич для предпринимателей, который уже сегодня ставит их на грань выживания.

Вместо тщательного изучения ситуации, выявления степени вины сторон налоговые органы находят сомнительную сделку, доначисляют налоги и пени не на мошенника, а на добросовестного предпринимателя, причем нередко имевшего дело не с самим мошенником, а с контрагентом его контрагентов. При этом сомнительной сделкой налоговики считают не по факту уклонения от налогов, а на основании своего оценочного суждения, что у предприятия недостаточно работников или техники для выполнения такого контракта, а то, что здание построено или товар в наличии, то есть фактическое исполнение сделки, их не интересует. Нередки случаи, когда налоговики подают иски в суд, даже не проведя налоговой проверки, не имея никаких доказательств, а суды под предлогом

интересов бюджета штампуют нужные решения, не принимая во внимание даже такие аргументы, как документ об оплате налогов. И так решается 94 процента дел.

Вчера в партии «Ақ жол» мы провели «круглый стол» по обсуждению этой проблемы с участием госорганов и бизнеса. Там были озвучены вопиющие примеры. Например, заводу ЖБИ в Караганде начислили 1 миллиард 800 миллионов тенге при том, что виновен его контрагент в четвертом колене, то есть четыре других предприятия. На заводе работают 250 человек, уплачено налогов 300 миллионов, построены теплотрассы, школы, жилые дома, а сейчас завод должен разориться. И тут же ему негласно предлагают развести все за солидный откат. То есть сами налоговики создали проблему, могут убить действующее предприятие, а могут и не убить, как захотят. И где тут государственные интересы? И таких примеров немало.

На наш запрос на эту тему от 31 мая текущего года Генеральная прокуратура отвечала, что эта проблема коснулась лишь 5 процентов всех плательщиков НДС, но мы тогда уже указывали, что при таком методе она будет разрастаться. Прошло всего четыре месяца, вчера вице-министр финансов Биржанов сообщил, что признание сделок недействительными затронуло уже 11 процентов предприятий. По оценке налоговых консультантов, через год каждый третий предприниматель подвергнется повторному налогообложению или столкнется с угрозой разорения.

Нужно остановить этот беспредел! Предприниматели уже просят либо провести налоговую амнистию по таким искам, либо ввести мораторий на подачу исков по признанию сделок недействительными, пока в этой процедуре не наведут порядок хотя бы в новом Налоговом кодексе, иначе десятки успешных предприятий искусственно будут доведены до банкротства.

Основное содержание наших поправок.

Во-первых, лишить налоговые органы права направлять в суд иски о признании сделок недействительными, передать эту функцию органам экономического расследования для полноценного изучения всех обстоятельств.

Во-вторых, перевести расследование таких исков из гражданского правового процесса, где у госорганов заведомо имеются преимущества, в административное судопроизводство, где подразумевается равенство сторон, а затем поставить задачей всех этих процедур не повторное налогообложение добросовестного бизнеса, а выявление и привлечение к ответственности реальных нарушителей, работающих в тени и остающихся сегодня за рамками претензий налоговиков. Повторюсь, при вчерашнем обсуждении на «круглом столе» 90 процентов предпринимателей поддержали эти предложения партии «Ақ жол» по данному вопросу.

Мы поддерживаем данный законопроект в первом чтении, просим коллег из других фракций поддержать наши предложения и защитить бизнес от произвола. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса, осы қаулыларға жеке-жеке дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған лауазым иелеріне рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Гиният Ажар Гиниятқызына беріледі.

ГИНИЯТ А. Армысыздар, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы сіздердің қарауларыңызға енгізілді.

Қаралып отырған заң жобасы Қазақстанда алғаш рет денсаулық сақтау саласында жоғары деңгейдегі саяси-әлеуметтік іс-шара өткізуге мүмкіндік береді.

Еуропа өңірінің 53 елі қатысатын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің сессиясы жылына бір рет әлемде өткізіледі. Онда денсаулық сақтау жүйесін дамытудың жаһандық мәселелері талқыланады. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөніндегі өңірлік жоспарлар, қарарлар, шешімдер қабылданады.

Сонымен қатар таяу күндері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлесіп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Гебрейесустың қатысуымен Медико-санитариялық алғашқы көмек бойынша Алматы декларациясының қабылдануына 45 жылдығына, Астана декларациясы қабылдануының 5 жылдығына арналған жаһандық конференция өтеді. Астана осы күндері жаһандық денсаулық сақтау орталығына айналады. Бұл шараларға 81 елден 650 делегат қатысады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық өңірлік комитетінің 73 сессияның шеңберінде 55 елдің денсаулық сақтау министрлерімен денсаулық сақтаудың бірнеше жоспары қаралады және ұсынылады. Олар – 2023 – 2028 жылдарға арналған денсаулық сақтау қызметкерлеріне қатысты іс-қимылдың негіздемелік бағдарламасы, 2023 – 2030 жылдарға арналған микробқа қарсы препараттарға көнбеушілікпен күрес жөніндегі жол картасы, 2023 – 2030 жылдарға арналған босқындар мен мигранттардың денсаулығын сақтау жөніндегі іс-қимыл жоспары.

Сонымен қатар сессия барысында делегаттарға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық өңірлік бюросының 2022 – 2023 жылдарға арналған қызметі туралы есеп, өңірдегі денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар туралы жаңартылған ақпарат, сондай-ақ «кезек күттірмейтін медициналық көмек бригадасы» бастамасын нығайту жөніндегі өңірлік іс-қимыл жоспары ұсынылатын болады.

Бұл тақырыптар қазіргі таңда әлем тап болған жаһандық дағдарысты ескере отырып шығарылды. Нәтижелері бойынша Еуропалық Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының барлық елдерінің орындауы үшін міндетті болатын қарар қабылданатын болады.

Осы іс-шараларды өткізу мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы бастамаларын ілгерілетеді, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің табыстарын белгілі еуропалық мемлекеттердің арасында көрсетуге мүмкіндік береді. Елдің өңірдегі және дүниежүзіндегі алғашқы медициналық-санитариялық көмектің, денсаулық сақтау отаны, көшбасшысы ретінде мәртебесін қолдайды. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары деңгейдегі маңызды өңірлік саяси іс-шараны қабылдауға, қабілетті ел ретінде қосымша оң көрініс береді.

Құрметті депутаттар! Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен келісімді ратификациялауды қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Имашева Снежанна Валерьевна.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ажар Гиниятқызы! Сіз атаған келісімді ратификациялауды біз қолдаймыз. Осы келісімнің шеңберінде Астана қаласында қазанның 24-26 күндері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің 73-ші сессиясы өтеді деп көзделген. Бірақ тағы нақтылап айтып кетсеңіз, осы шараның аясында біздің елімізде нақты қандай мәселелер көтеріледі? Олардың қайсысы біздің еліміздің денсаулық сақтау саласына қатысты? Сондай-ақ одан қандай нәтиже күтеміз? Яғни, жақсы имиджден басқа осы шараның аясында қандай нәтиже болады? Рақмет.

ГИНИЯТ А. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Снежанна Валерьевна.

Атап айтып кеткенімдей, Еуропалық өңірлік төрт үлкен бағдарлама қабылданатын болады.

Бірінші бағдарлама медициналық қызметкерлерге қолдау көрсету, олардың кәсіптік әлеуетін дамыту жөнінде.

Екінші бағдарлама ол қазір әлемде үлкен проблема болып тұрған микробқа қарсы препараттардың әсерінің төмендеуіне қарсы күрес жөнінде. Қазір көп ауруларға антибиотиктер әсер етпеуде, сондықтан жылдан-жылға жаңа антибиотиктер, одан да күшті препараттар шығарылуда. Сол мәселе бойынша үлкен Жол картасы қабылданатын болады.

Үшінші бағдарлама босқындар, мигранттар мәселесіне байланысты. Ол да бүгінгі күні үлкен мәселе болып отыр.

Төртінші бағдарлама «жедел жәрдем» көмегі жөнінде. Кезек күттірмейтін көмекті көрсету мәселесін дамыту, яғни мемлекеттердің бір-біріне көмектесу бойынша Жол картасы қабылданатын болады.

ТӨРАҒА. Депутат Садықов Асқар Аманбайұлы.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемая Ажар Гиниятовна! Обсуждаемое соглашение направлено на укрепление сотрудничества со Всемирной организацией здравоохранения.

В рамках этого сотрудничества пять лет тому назад была принята Астанинская декларация по первичной медико-санитарной помощи.

Скажите, пожалуйста, на какой стадии реализация основных направлений данной декларации, какие имеются практические результаты?

ГИНИЯТ А. Сұрағыңызға рақмет, Асқар Аманбайұлы.

В 1978 году впервые в КазССР была проведена глобальная конференция ВОЗ по ПМСП, была принята так называемая Алматинская декларация, которая сегодня считается великой хартией системы здравоохранения (тогда Торегельды Шарманов был Министром здравоохранения).

В этом году исполнилось сорок пять лет данной конференции и пять лет – Астанинской. В 2018 году в Астане опять собрались лучшие специалисты мира по ПМСП и приняли Астанинскую декларацию, обновили ее и поставили цели.

Были поставлены четыре цели для системы здравоохранения всего мира.

В первую очередь – это всеобщий охват услугами здравоохранения на уровне ПМСП.

Второе направление – это инвестиции в ПМСП, что надо делать инвестиции в ПМСП.

Третье – финансирование ПМСП.

Четвертое – необходимо на уровне ПМСП оказывать реабилитационную помощь, паллиативную помощь, необходимо на амбулаторном уровне оказывать больше услуг. 80 процентов медицинских услуг должны оказываться на уровне амбулаторно-поликлинической помощи.

В этих направлениях что мы сделали? В первую очередь, вы знаете и я докладывалась перед вами недавно, мы усилили финансирование ПМСП. Если ВОЗ нам рекомендует, что 60 процентов должно быть от общего бюджета здравоохранения, мы сегодня добились того, что подняли уровень финансирования до 56 процентов. Были увеличены клиничко-диагностические услуги, дорогостоящие услуги.

По инфраструктуре. Реализуется Национальная программа «Сельское здравоохранение». Только в прошлом году в регионах было построено 104 объекта ПМСП за счет республиканского и местных бюджетов – это городские поликлиники, центры ПМСП и объекты здравоохранения. Эта работа будет продолжена.

По поводу инвестиций. Мы сейчас привлекаем на оказание амбулаторно-поликлинической помощи частную медицину, частные клиники сейчас оказывают помощь. Мы подтягиваем все больше инвестиций не только на оказание помощи, но и на оказание других услуг (те же компьютерные кабинеты).

По поводу всеобщего охвата услугами. Это профосмотры, скрининги, вакцинация, реабилитационная помощь. Это мы тоже широко освещаем и говорим, что финансирование увеличилось и оказывается помощь. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Дементьева Наталья Григорьевна.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ажар Ғиниятқызы! Қазақстан 1992 жылдан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болып табылады. Бүгінгі таңда біз олардың ұсыныстарын денсаулық сақтау саласындағы отандық нормалар мен стандарттарды әзірлеу кезінде қолданамыз.

COVID-19 коронавирус пандемиясы кезінде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі бірқатар қиындықтарға тап болғаны бәрімізге мәлім.

Айтыңызшы, осы кезеңде Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан қандай практикалық және теориялық көмек алды?

Пандемиямен күрес кезінде біз олардың қандай ұсынымдарын қолдандық? Рақмет.

ҒИНИАТ А. Наталья Григорьевна, сұрағыңызға рақмет.

Коронавирус бүкіл дүниежүзі тап болған кесел болды. Пандемия кезінде Қазақстанға ең бірінші болып Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы көмек көрсетті. Елімізге 8 миллион долларға гуманитарлық көмек келді. Оның ішінде ПЦР-сынақтары болды, біздің генетикалық лабораториямызға сиквинатор сатып алып берді. Сонымен қатар қорғаныш киімдерімен қамтамасыз еткен осы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы болды.

Біздің дәрігерлеріміздің, әсіресе санитариялық-эпидемиологиялық станция қызметкерлерінің деңгейін көтеру үшін аптасына үш-төрт рет онлайн оқулар жүріп жатты. Ол үзілген жоқ. Екі-үш жыл бойы дәрігерлер ауруларды қалай емдеу керек, қандай елдің технологиясы дұрыс, әсер қандай деген мәселемен бөлісіп отырды. Соның арқасында біздің мамандарымыз клиникалық хаттаманы әзірледі. Ол клиникалық хаттама диагностикалық емдеуде, реабилитацияда көмектескенін өздеріңіз білесіздер. Бұл хаттама 18 рет қайта қаралып отырды. Соның барлығы осы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшыларының көмегімен болды, өйткені олар дүниежүзінің технологияларын жинап бізге айтып отырды, біз дер кезінде өзгерістер енгізіп отырдық.

Сонымен бірге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көмегімен Еуропалық одақтан 8 тонна құрал-жабдықты (қорғаныш киімдерін, ПЦР-тест, дәрі-дәрмектер)

жеткізілді. Негізі бұл ұйыммен белсенді жұмыс жасау Қазақстанның басқа да халықаралық қорларға кіруіне, елге инвестиция, қаражат тартуына көмектеседі.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалдин Ерболат Жалғасбайұлы.

САТЫБАЛДИН Е.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ажар Гиният ханым! Осы келісімнің қосымшасында іс-шараны ұйымдастыруға Қазақстан 430 мың АҚШ долларын жұмсайды деп көрсетілген. Егер қосымша шығындар болса, оны да Қазақстан жағы көтереді деп айтылған.

Осыған бюджеттен қанша қаражат жұмсауды жоспарлап отырсыздар?

Келесі сұрақ Сыртқы істер және Әділет министрлігінің өкілдеріне. Менің білуімше, осындай іс-шара Парламенттің келісуі арқылы алғаш рет өткізіліп отыр. Жалпы, бюджеттен ақша жұмсалатын осындай форумдарды, конференцияларды Парламенттің келісімі арқылы өткізуді үрдіске айналдырасыздар ма? Ықпалды Парламент деген осы шығар. Негізі осындай жұмыстарды әрдайым Парламентпен келісіп отыру керек деп ұсыныс беремін. Рақмет.

ГИНИЯТ А. Ерболат Жалғасбайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл қаражат біздің елімізге әлемдегі ең белгілі сарапшылардың келуіне, осы конференцияның материалдарын әзірлеуге көзделген. Осы конференцияның аясында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен келесі екі жылға үлкен келісімшартқа қол қоятын боламыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бізге 1 миллион 800 мың долларға қызмет көрсететін болады. Оның ішінде институционалдық және техникалық көмектер бар.

ТӨРАҒА. Әділет министрлігі.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Почему мы с этим документом пришли в Парламент? Поскольку содержанием соглашения устанавливаются иные правила, чем установлены национальным законодательством. В частности, Всемирная организация здравоохранения является специальным учреждением, международной организацией, обладающее определенной (как сама организация, так и ее сотрудники) правосубъектностью, иммунитетом, привилегиями. Все это оговорено в соглашении и требует ратификации. Согласно Закону «О международных договорах» это соглашение подлежит ратификации.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенов Мұрат Абдуламұлы.

ӘБЕНОВ М.А. Әрине, бұндай шара өткізуді біз толық қолдаймыз. Жалпы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының біраз тәжірибесі бар, бізге ақпарат беруді, үйретуді қолға алып отыр. Соның ішінде кезінде Төрегелді Шарманов өткізген тарихи шараны жалғастыру біздің мемлекетімізде, әсіресе ауылдық жерде медициналық көмек көрсетуде өз үлесін қосады деп ойлаймын. Дегенімен менің бір сұрағым бар.

Әрине, Денсаулық сақтау ұйымы бізге біраз ақпараттық технологияларды қолжетімді етеді, 1 миллион 800 мың долларға қызмет көрсетеді дедіңіз. Бірақ осында

келгенде оларға біз өзіміздің технологияларды насихаттай аламыз ба? Мысалы, Күнсұлу Закарияқызы басқарған топ коронавирусқа қарсы керемет вакцина жасады. Басқа мемлекеттер осы туралы біле ме? Осындай үлкен шараны пайдаланып біз оны насихаттауға мүмкіншілігіміз бола ма? Біз де өз жетістіктерімізді көрсетуіміз керек қой.

Тағы бір мәселе. Өткен жылы Талғардың соты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сайты бұғаттап тастады, Қазақстанда жарты жыл жұмыс істеген жоқ. Қазір істей ме, істемей ме, оны білмеймін. Жалпы, бізге теріс ақпарат таратады деп БҰҰ сияқты ұйымдардың сайттарын бұғаттап тастаған соттардың деңгейі мен үшін түсініксіз. Бұл мәселе қалай шешілді?

ҒИНИЯТ А. Сұрақтарыңызға рақмет, Мұрат Абдуламұлы.

Жетістіктер жөнінде. Біздің сарапшыларымыз да, ғалымдарымыз да ол шарада сөйлейтін болады. Біз де өз жетістіктерімізбен бөлісеміз. Бұл жаһандық конференцияға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қатысайын деп отыр. Президент те еліміздің жетістіктерін айтып кетеді. Үлкен көрме болады. Жылжымалы медицинамызды көрсетеміз. Тағы басқа да жетістіктерімен әріптестерімізбен бөлісетін боламыз.

Сот шешімі жөнінде. Құқық қорғау органдары олардың сайты жұмыстарына, айтылған сөздеріне байланысты қадағалаған. Суицид, басқа да мәселелер жөнінде айтылған сөздеріне байланысты бұл сайт біздің балаларға, жасөспірімдерге қауіпті деп сайтты бұғаттап тастаған болатын. Біз ол мәселені көтердік, түсіндірдік. Сайтты қайта ашқыздық.

ТӨРАҒА. Жаксы, рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Ажар Ғиниятқызы, сізге рақмет. Орныңызға отыра беруге болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына 2023 жылдың 11 қазанында енгізілді және Астанада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялауға бағытталған.

Келісімге 2023 жылдың 23 мамырында Женевада қол қойылды.

Жұмыс тобының бір отырысы және комитеттің бір кеңейтілген отырысы өткізілді.

Салыстырмалы кесте қабылданған екі позициядан тұрады. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар заң жобасының тақырыбы мен мәтінін келісімнің мемлекеттік тілдегі атауына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулерді енгізді.

Мәжілістің барлық комитеттері аталған заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Баяндалғандарды ескере отырып, «Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік

денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді және қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жұлдыз Досбергенқызы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сарым Айдос Әміроллаұлына беріледі.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Төраға.

Ардақты әріптестер! Жалпы, біздің елде осындай дүбірлі додалы форумдарға деген теріс көзқарас бар. Бірақ Шәкәрімше айтатын болсақ, бұл форумның басқа форумдардан жөні ерекше, жөні бөлек. Бұл құжаттың Парламент арқылы ратификацияланып отыруы да көп нәрсені аңғартатын сияқты.

Талқыланып отырған заң жобасы Қазақстан Республикасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

Айта кету керек, еліміз 1992 жылдан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болып табылады және Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі 53 елді қамтитын Еуропалық өңірге кіреді. Бірақ бұл ұйыммен біздің қатынастарымыз әлдеқайда бұрын басталған болатын.

Осыдан 45 жыл бұрын, 1978 жылы Кеңес Одағы дүркіреп тұрған заманда осы ұйым Алматыға келіп арнайы сессиясын өткізген болатын. Сессия қорытындысы бойынша арнайы Алматы декларациясы қабылданды.

Алматы декларациясының маңызы неде? Сол кезде, естеріңізде болса, әлемдік медицина ұйымдарымен жүйе әрқелкі болатын. Ұйым ол кезде «Баршаға бірдей медицина» деген ұран тастап, барша әлем елдерін алғашқы медициналық көмек қағидаларын бүкіл әлемге, адамдардың қалтасы мен мекеніне қарамастан таратуды ұсынды.

Ұйым 2000 жылға дейін барша мәселені шешеміз деп есептесе де, онысы іске аспады, әрине. Бірақ соның нәтижесінде көптеген елдерде алғашқы көмек жүйесі орын алды, оның ішінде біздің Қазақстанда.

Алматы декларациясының нақты нәтижелеріне келетін болсақ, алғашқы медициналық көмек жүйесінің дамуы жалпы әлем халқының денсаулығы жақсарып, саны артып, әлем халқының орта жасын жеті жылға ұзартқаны айқын. Бұл туралы әлемде жүздеген, мыңдаған мақалалар баспасөзде жарияланды.

Бұл жүйе Қазақстанға да толықтай енгізілген болатын. Қазақ санының 1970 – 1980 жылдардан бастап өсе бастауы, аурулардың азаюы, бала мен ана өлімінің азаюы осы декларацияның арқасы деп білемін.

Керісінше, 1990 жылдары псевдонарықтық, квазикапиталистік ұрандарды іске асыру барысында осы жүйеден, өкінішке қарай, айырылып қалдық.

Бүгінде біздің «AMANAT» партиясының бағдарламасына барша ауылды елді мекендерге алғашқы медициналық көмек бекеттерін салу туралы нормаларды енгізіп,

миллиардтап ақша бөліп жатқанымыз да осы себепті. Біздің сайлауалды бағдарламамызға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстары да енген болатын.

Алматы декларациясының маңызын бүкіл әлем мойындады, негізге алды деп бүгін өз басым толықтай айта аламын.

1978 жылы қабылданған Алматы декларациясының, сондай-ақ 2008 және 2018 жылы алғашқы медициналық-санитариялық көмек мәселелері жөніндегі Астана декларациясының қабылдануы біздің аймақтың, сондай-ақ әлемдегі көптеген басқа да елдердің денсаулық сақтау саласының дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Өз кезегінде биыл елімізде өткізілетін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің 73-ші сессиясы ұлттық денсаулық сақтауды одан әрі дамытуға серпін береді деп сенеміз.

Бұл сессия мүлдем жаңа, бұрын-соңды болмаған коронавирус пандемиясынан кейін болып жатқан алғашқы сессиялардың бірі. Әлемді, әлем елдерін болашақта пандемиядан қалай қорғаймыз, биологиялық қауіпсіздік қағидаларын, протоколдарын қалай іске асырамыз дейтін сұрақтар көтеріледі.

Сонымен қатар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына қатысушы елдердің үкіметтері арасындағы байланысты нығайту және денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды талқылап, бірлесіп шешу үшін маңызды алаң болмақ.

Сессия нәтижесінде, Құдай қаласа, жаңа Астана декларациясы қабылданып, ол әлемдік және отандық медицина жүйелерін заман талабына сай етуге ықпал етеді деп сенемін. Мұндай құжат еліміздің, жаңа Қазақстанның имиджіне де оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Мен талқыланып отырған заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын және оны Парламент Сенатына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысуға жазылған басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 88. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған лауазым иелеріне рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Серіков Таңсәуле Ғабдыманапұлына беріледі.

СЕРІКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауалымыз Премьер-Министр Смайыловқа.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің әр Жолдауында мүгедектігі бар жандарды қорғау, оларға деген көмекті ұлғайту керектігін әрдайым айтуда және нақты тапсыруда. Бұл Үкіметке ғана емес, әр мекеме басшыларына да қатысты деп есептейміз.

2015 жылдан бері мүгедектігі бар тұлғаларды жұмыспен қамту туралы заң жобасы қабылданған, нақты тапсырмалар берілген еді.

2016 жылы әр мекемеге квота енгізілу туралы нақтыланған болатын. Квота мөлшері 2 пайыздан 4 пайыз деп көзделген. Әлемдік көрсеткіш 6 пайыз.

2023 жылы Әлеуметтік кодекс күшіне енді. Ағымдағы жылдың 7 маусымында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ережесі шыққан болатын. Бірақ сол ереже, сол заң сол күйінде қалды.

Біз жазда өңірлерде болған кезімізде мүгедектігі бар тұлғаларды жұмыспен қамту ережесі туралы облыс, аудан, ауыл әкімдерінен, мекеме басшыларынан сұрағанымызда олардың бейхабар екенін көрдік. Бірде-бір ұйым мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа қабылдағысы келмейді, мүгедекті мүсіркейді, көп мекемелерде мүгедек жұмыс істеп жүргенін де білмейді. Неге? Себебі мүгедек адам өзінің мүгедек екенін айтқысы келмейді, жұмыстан айрылып қаламын деп қорқады.

Өкінішке қарай, күннен-күнге мүгедектігі бар жандардың саны артып келеді. Сондықтан олар ертеңгі күнге сенімді болуы үшін біз оларға көмектесіп, жұмыс орнын ұйымдастыра білуіміз керек.

Президенттің тапсырмасы міндетті түрде орындалу тиіс және оны Үкімет қадағалауы керек. Біз Президенттен өнеге алуымыз керек. Конституцияға енгеннің арқасында осы Парламент қабырғасында алты мүгедектігі бар депутат отырмыз. Біз күнделікті жұмыс топтарында мүгедектігі бар тұлғалардың құқығын қорғау туралы заң жобаларына өзіміздің нормаларымызды енгізуге тырысып жатырмыз.

Әр министрлік, әр әкімшілік бір-біріне сілтемей, ең алдымен өзінен бастауы керек. Президенттің тапсырмасы міндетті түрде орындалуы керек. Мысалы, Германия, Ұлыбритания, Австралияда жұмыс беруші мүгедектің артынан өзі жүреді, ал Қазақстанда ол керісінше. Мысалы, маған мені жұмысқа тұрғызыңызшы деген жүздеген өтініштер келіп түсуде. Мен өзім жұмыс берушіге телефон соғып мына кісіні жұмысқа тұрғызыңызшы деп өтініп сұраймын. Біз тек жәрдемақыны ұлғайта бермей, мүгедектігі бар тұлғалардың жұмыс істеуіне жәрдемдесуіміз керек. Сонда мүгедектігі бар тұлғалар өздері ұй алуға, өздері көлік алуға, Қазақстанға еңбек сіңіруге құқылы болады, құқықтарын өздері қорғай алатындай жағдайға жетеді деп ойлаймын. Олар өз еңбектерімен Қазақстан Республикасының тең құқылы азаматтары болуына құқылы.

Біз 2-4 пайыз туралы айттық. Әр мекемеде мүгедектігі бар тұлға үшін ең болмағанда 1 пайыз квота беріліп, ол адам сол мекемеде жұмыс істесе деген өтінішім бар.

Осыған орай ұсыныстарым бар.

Бірінші. Мүгедектігі бар жандар үшін жұмыс орындары міндетті түрде ұйымдастырылсын және қатаң түрде қадағалансын. Орындамаған ұйымдарға үлкен мөлшерде айыппұл салынып, сол айыппұлдан түскен қаражатқа мүгедектігі бар тұлғаларға жұмыс орындары ұйымдастырылсын.

Екінші. Оқу-ағарту министрлігіне, Ғылым және жоғары білім министрлігіне. Мүгедектігі бар жандар үшін жоғары оқу орындарында, колледждерде сапалы мамандар даярлансын, қайта даярлану оқу орындары ұйымдастырылсын.

Үшінші. Оқу орындарын тамамдаған мүгедектігі бар жандар мемлекеттік, квазимемлекеттік ұйымдарда 100 пайыз жұмысқа орналастырылсын және қадағалансын.

«Ауыл» партиясының фракциясы».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, кеше Қазақстан ұлттық құрамасы кәрі құрлықта Финляндияның сырт алаңында 2:1 есебімен ұтты. Сөйтіп біз Еуропа чемпионатына тағы бір қадам жасадық. Сонымен тарих жасап жатқан футболшыларымызды құттықтағымыз келеді. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге мәлім, алдағы 2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Астана қаласында өтеді. Бұл әлемдік этномәдени және этносportты, ұлттық ойындарды жаңғыртуға арналған аса маңызды аламан.

Ең алғаш Қырғыз елінде өткен додада 19 елден 583 спортшы ғана бақ сынаған. Ал өткен жолы Түркияның Изник қаласында өткен Көшпенділер ойынына Латын Америкалық елдерден бастап Жапонияға дейінгі аралықта 102 елден 3,5 мың спортшы қатысты. Демек, Көшпенділер ойынына дүниежүзінің назары ауды деген сөз.

Қазақстанның өтінімі сол V Дүниежүзілік аламанда Бүкіләлемдік этносport конфедерациясы жиынында қолдау тапқан. «Қолдау тапты» деп айтуға ғана оңай. Әр ел өзіне қарай тартты. Көзге көрінбейтін «күрестерді», таласқан тараптарды көзбен көріп, жүреппен сезінгенбіз. Сонда Дүниежүзілік көшпенділер ойынының Қазақстанда өтуіне Мемлекет басшысының саяси беделі тікелей көпір болған.

Басына кіреуке, денесіне торғауыт, қолына күрзі, аяғына саптама киіп, атқа алғаш ауыздық салып, тұлпарының тағасы Батыс пен Шығыстың айылын жиғызған ұлы дала қаһармандарының мұрагері екеніміз тарихи шындық. Ошағымыз толы өркениет. Ендеше осынау әлемдік Көшпенділер ойынын абыройлы өткізу елдігімізге сын. Енді бұл аламан біздің елде өтеді. Бұл елдің абыройы, елдің жеңісі.

Осы ретте Президент елімізде өтетін ауқымды шараны сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берген және: «V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорт шараларымен шектелмеуі керек. Аталған халықаралық спорт сайысы қолөнер, туризм, қызмет көрсету саласы сияқты шағын және орта бизнес өкілдері үшін де тиімді ұйымдастырылып, кәсіптерін ілгерілетуге жағдай жасалуы қажет», – деп айрықша атаған.

Содан бері бір жыл өтті, ал ұйымдастыру жұмыстарының лебі сезілмейді.

Мәлімет бойынша үкіметтік деңгейде комиссия құрылған. Басты сайыстар өтетін нысан ретінде Астана қаласындағы «Астана Арена», «Қазанат» ипподромы, «Жекпе-жек» сарайы және «Алау» мұз сарайы бекітілген.

Дегенмен мәселе қайда жатыр? Бюджеттен 8 миллиард теңге қарастырылған, бірақ бұл инфрақұрылымдарға емес, ұйымдастыру жұмыстарына, яғни жоғарыда аталған

нысандарды жөндеуге, әлемдік стандарттарға сәйкестендіруге қаражат қарастырылмаған. Дүниежүзілік доданың өтетін мерзімі 2024 жылдың қыркүйегі, тура он бір ай қалды. Қылышын сүйретіп қыс та келеді. Ақтүтек боран, саршұнақ аязбен алысып, тағы алты ай өтеді. Негізгі шаралар өтетін «Қазанат» ипподромында 10 мың адамға қызмет ететін нысан құрылысы жүріп жату керек еді. Өзге де спорттық нысандардың күрделі жөндеу жұмыстары, реконструкция, басқа да жұмыстары тоқтап тұр. Және атшабарға жапсарлас этноауыл жоспарланған. Күні кеше аяқтай барып көрдік, өлі тыныштық.

Қазірдің өзінде Көшпенділер ойынына қатысуға 20 спорт түрі бойынша 73 ел өтініш берген. Демек 100-ден аса елден 3 мыңнан аса спортшылар қатысады деп жоспарлануда. Бұған ағылып-төгіліп, шашылып-сөгіліп келетін туристерді қосыңыз.

Спорттық жарыстарды тарататын трансляция тақырыбы әлі жабық күйінде тұр. Өткен жылғы Дүниежүзілік көшпенділер ойынын әлемнің 70-ке жуық мемлекеті тамашалаған. Қысқасы шаруа шаш етекпен.

Ұлттық спортты дамытуда «АМАНАТ» партиясы бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар істеуде. «Ұлы дала жорығы» соның айқын дәлелі.

Жауапты мемлекеттік орган тиісті процедураларды өз деңгейінде ұйымдастыра алмауда. Салғырттық салдарынан қалалық әкімдікке инфрақұрылымды реттеуге 1 тиын да қаржы бөлінбеген.

Құрметті әріптестер, жалпы спорт пен туризм саласында түйінді мәселе көп. Мемлекет басшысы салаға қатысты проблемаларды шешу үшін Туризм және спорт министрлігін құрды. Енді сол жаңа ведомствоның саналатын шағы.

Көшпенділер ойынын өткізу тек Астана қаласының ғана емес, бүкіл елдің жауапкершілігі. Сондықтан ұйымдастыру жұмыстарына өңірлерді жұмылдыруға күш салу керек.

Осы орайда Үкімет комиссиясы ұйымдастыру жұмыстарын жеделдетуі және Астана қаласы әкімдігімен бірлесе отырып спорттық нысандардың құрылысы мен реконструкциясына қатысты қаржы бөлуді жылдамдату қажет.

Еліміздегі ең ірі мегажобаға айналған «АМАНАТ» партиясының «Ұлы дала жорығын» Дүниежүзілік көшпенділер ойынының регламентіне енгізу керек.

Сауалға заңнамаға сәйкес жауап күтеміз. Егер сырғытпа, кезекті «отписка» болатын болса, онда ауызша жауап беру үшін Мәжілістің жалпы отырысына арнайы шақыртамыз». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қасқарауов Данияр Алдабергенұлына беріледі.

ҚАСҚАРАУОВ Д.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Соңғы Азияда ойындарындағы еліміздің көрсеткіші көңілімізге қаяу түсірді. Бұл жерде спортшыларды даттаудың қажеті жоқ. Барын салған спортшы ұл-қыздарымызға тек қана алғыс айтамыз.

Дегенмен 19-шы Азия ойындарында 10 алтын медаль жеңіп алған ел құрамасының бұл көрсеткіші спорт жанкүйерлерінің көңілінен шықпады. Төрт жылда бір рет келетін Азия халықтарының әлемдік додасы біз үшін сәтсіз аяқталды.

Кеше ғана Мемлекет басшысы Азия ойындарының қорытындысы бойынша спорт саласын ащы сынға алды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдары қажет», – деп сәтсіздікті қорытындылады.

Рас, бұл бұрынғы ойындарға қарағанда өте төмен көрсеткіш. Алдыңғы ойындарда ұлттық құраманың қоржынында кемінде 15 алтын болды. Ешқашан үздік ондықтан төмен түскен емеспіз, әрдайым төртінші, бесінші орындарды иемденіп келдік.

Осы жолы өзбек бауырларымыздың жетістігіне қызыға қарадық. Біз тіпті Солтүстік Корея, Тайланд, Бахрейн сияқты шағын елдерден артта қалып қойдық.

Әрине, мәселенің түбі осы саладағы жүйелі проблемаларда екені анық. Осы Азия ойындарында 530-дан астам спортшы қатысты. Оған ұйымдастырушылар, бапкерлер мен федерация мүшелерін қосқанда мыңдаған азамат барды.

Сөз жоқ, сан бар, ал сапа қайда?

Бізді күйретіп жатқан не мәселе?

Бірінші. Соңғы жылдары спорт министрлігін мүлдем спортқа қатысы жоқ кәсіби спортты тек теледидардан көретін лауазымды шенділер басқарып келді.

Екінші. Спорт ұйымдары, министрлік, Ұлттық олимпиада және федерациялар арасында байланыс жоқ.

Үшінші. Бізде бітпейтін легионерлердің жыры. Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір өз спортшыларымыз жетерлік. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашу керек.

Төртінші. Ауылдарда кәсіби спортты жоқ деуге болады. Таланттар жетеді, бірақ инфрақұрылым жоқ, себебі жағдай жасалмаған.

Ашығын айтқанда, мемлекеттен бөлініп жатқан қаражат орынсыз жұмсалуда.

Айлығы шайлығынан артылмайтын бапкерлер, спорт мамандары мен спортшылардан үздік нәтиже күту үшін қажетті жағдай қашан жасалады?

Құрметпен депутат Д. Қасқарауов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жұбанов Әділ Орынбасарұлына беріледі.

ЖҰБАНОВ Ә.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Зейнеткерлерге лайықты зейнетақы төлеу ел тұрғындарын қорғау элементі болып табылады. Елдің зейнетақы мөлшері негізінде сол елдің экономикалық даму деңгейін, демографиялық жағдайды және әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясатты анықтауға болады. Қарапайым халықтың әл-ауқаты қаншалықты жақсарып жатқаны мемлекеттік жәрдемақылар мөлшерінің артуынан байқалады.

Қазақстанда отыз жыл ішінде әлеуметтік сала бойынша шешімін таппаған ең басты мәселе ретінде халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігін айтуға болады. Еліміз бай болса да, әлеуметтік қолдауды қажет ететін аз қамтылған халық саны жыл сайын артып отыр. Мемлекет белгілеген ең төменгі зейнетақы мөлшері 57 мың теңгеге өмір сүру мүмкін

емес. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін ең төменгі жалақы мөлшерімен теңестіру қажет. Зейнетақы жүйесіндегі тиімді өзгерістер – зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайының, өмір сүру сапасының аз да болса артуының бірден-бір көрсеткіші. Біздің елде зейнеткердің ең төменгі зейнетақысы дәрі-дәрмек пен дұрыс демалуды айтпағанда, тамағына әрең жетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Жолдауында ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп арттыруды тапсырып келеді. Биыл ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге көтерілсе, келесі жылы 85 мың теңгеге дейін жеткізу міндеті қойылды. Ал осы ең төменгі жалақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейін ескере отырып бекітіледі. Сондықтан зейнетақының ең төменгі мөлшерлемесін ең төменгі жалақымен теңестіру Үкімет алдындағы кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі болуы қажет деп есептеймін. Себебі мемлекет азаматтардың ең төменгі жалақы деңгейінен төмен емес зейнетақы алуына кепілдік беруі қажет. Әлемнің кейбір елдерінде адамның зейнетақысы белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен болса, онда мұндай зейнеткерге әлеуметтік үстемеақы төлеу тәжірибесі бар.

Ең төменгі зейнетақыны алатын кім деген сұрақ туындайды. Ол еңбек өтілімі жоқ, зейнетақы қорына ақшасы салынбаған адам. Ондай адамдар көбіне ауылдық жердің тұрғындары. Ауыл тұрғынында еңбек өтілімі қайдан болады, егер сол кездегі мемлекет басшысы жасап тұрған совхоздар мен колхоздарды күшпен таратып, енді біз етті Бразилия, Аргентинадан аламыз дейтін болса? Сондықтан халықтың осындай жағдайға тап болғанына биліктің де кінәсі зор.

Зейнеткерлердің жай-күйі «AMANAT» фракциясының күн тәртібінен түспейтінің айта кеткім келеді.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Үкімет ендігі уақытта Қазақстанның әрбір азаматының лайықты қарттығын қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс. Сондықтан жаңа зейнетақы реформасын жасақтап, ең төменгі зейнетақыны мөлшерлемесін ең төменгі жалақы мөлшерімен теңестіруді ұсынамын.

Құрметпен «AMANAT» фракциясының мүшесі депутат Ә. Жұбанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос заместителю Премьер-Министра Дуйсеновой.

31 мая этого года фракция Народной партии Казахстана озвучила депутатский запрос касательно темы доступа инновационных препаратов для населения. В ответе, который мы получили, было заявлено, что запланировано включение 71 наименования лекарственных средств в перечень амбулаторно-лекарственного обеспечения для лечения заболеваний, влияющих на смертность, продолжительность жизни, инвалидизацию, в том числе за счет средств ОСМС. Однако в проект приказа внесено только 36 лекарственных средств, а остальные 35 не включены.

В этой связи мы просим разъяснить и предоставить обоснование, почему не все препараты вошли в проект приказа по перечню АЛО, а только определенная часть,

выборочно. На каком нормативно-правовом акте основано решение о включении только определенных препаратов?

Если есть вопрос о недостаточном финансировании, то мы просим предоставить ответ, обращалось ли Министерство здравоохранения в Министерство финансов с просьбой о дополнительном финансировании.

Из ответа также следует, что на 1 июня текущего года общественным фондом «Қазақстан халқына» заключены договоры на поставку лекарственных средств почти на 24 миллиарда тенге. Но, как нам сообщили пациентские организации, на текущую дату пациенты до сих пор ждут препараты, несмотря на то, что об этом было анонсировано уже давно.

Просим сообщить статус по обеспечению пациентов и регламенту работы Министерства здравоохранения и фонда «Қазақстан халқына» с указанием всех сроков.

В ответе также было сказано, что Министерством здравоохранения и Агентством по защите и развитию конкуренции утверждена Дорожная карта по улучшению сроков доступа к лекарственным препаратам. Мы считаем, что сроки доступа (до 2025 года) растянуты, поэтому просим сообщить конкретный статус, что было сделано за это время, какие достигнуты результаты. Ответ просим предоставить письменно». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Смағұлов Бауржан Әміржанұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаевқа.

«Уважаемый Ерлан Кенжебекович! В Послании Глава государства поручил Правительству оперативно устранить застарелую проблему со сложной процедурой возврата НДС и обратить внимание на развитие среднего бизнеса, особенно его экспортного потенциала.

При этом действующее законодательство в области возврата превышения НДС для среднего бизнеса, занимающегося экспортом продукции собственного производства, имеет ряд недостатков.

Первое. В отличие от компаний, торгующих на внутреннем рынке, экспортеры годами не получают возврата по НДС, что, по сути, становится дополнительным скрытым налогом со стороны государства.

Второе. Увеличение доли НДС к возврату делает невыгодным увеличение экспортной выручки и не стимулирует экспорт.

Третье. Способствует отказу от местных поставщиков материалов в пользу зарубежных, напрямую нанося урон интересам как местных компаний, так и государства в целом.

Основной причиной невозврата НДС является применение так называемой системы управления рисками. Из суммы превышения налога на добавленную стоимость, подлежащей возврату заявителю, исключается наименьшая из сумм налога на добавленную стоимость, отнесенная в зачет поставщиками товаров, начиная от каждого налогоплательщика, по которому установлены нарушения налогового законодательства, до

налогоплательщика, представившего требование о возврате налога на добавленную стоимость или налоговое заявление.

Следует также отметить, что сумма нарушений поставщика применяется целиком, а не пропорционально объему оборота с покупателя.

В результате при условии, если доля местных поставщиков в составе себестоимости экспортеров-производителей составляет высокую долю, вероятность возврата НДС сводится к нулю, хотя государство возвращает НДС просто трейдинговым компаниям, которые не заняты производственной деятельностью, что противоречит государственной цели развивать экспортный потенциал собственных производителей продукции. Тем самым государство толкает экспортеров заменять местных поставщиков импортными, поскольку импортный НДС не подпадает по систему СУР НДС и его легче возвращать.

Именно по такому сценарию идут местные экспортеры-производители, которые отказываются от местных поставщиков в пользу зарубежных, чтобы возвращать превышение по НДС.

На основании изложенного предлагается рассмотреть следующие предложения в отношении местных производителей:

1) исключить применение СУР НДС далее первого уровня поставщиков, при этом к сумме нарушений поставщика должен применяться процент, рассчитываемый как доля оборотов покупателя с поставщиком к общему обороту поставщика со всеми покупателями;

2) разрешить зачесть сумму НДС к возмещению, которую государство не вернуло по результатам предыдущих проверок;

3) меру, предложенную в пункте 2, можно применить, также отказавшись от предоставления субсидий по транспортным расходам по экспорту продукции.

Ответ просим предоставить в сроки, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

С уважением, депутаты фракции партии «АМАНАТ». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлына беріледі.

СӨРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Босымбекқызы Дүйсеноваға және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Бидахметұлы Жәмішевке.

«Бүгінгі депутаттық сауалым 3 мың баланың көз жасы, 6 мың ата-ананың аялы алақанымен қалқалап өшіріп алмауға ұмтылған үмітінің соңғы сәулесі деп біліңіз. Қазақ: «бала күйігі іште», – дейді. Қазақстандағы 3 мың баланың көңілдегі күйігі микротия және атрезия патологиясы деп аталады. Қарапайым тілге салсақ, бұл бөбектердің өмірге құлақсыз келуі. Қазір осындай 3 мыңнан астам баланың болашағына балта шабылмаса екен деген мыңдаған ата-ана шырылдап жүр. Шарасыз үнді қолында қаржысы, білегінде билігі бар Үкімет естіді ме? Естісе, неге өмірге естімей келген балалардың ертеңіне енжар қарайды?

Құлақсыз туылып, қоғамнан қағажу көріп, тәрбиесіз, тәртіпсіз қатарластарының мазағына тап болып, төрт қабырғаға өз еркімен қамалған микротия және атрезия диагнозы

қойылған балаларды билік өзекке тепті деп ашынады ата-аналар. Себебі аталған дертке шалдығып, бір құлағы жоқ болып дүние есігін ашқан сәбилер мүгедек боп танылмайды екен біздің елде. Қазақстанда жәрдемақы алу үшін, мүгедек болып танылу үшін екі құлағың да болмауы керек екен.

Қазақ: «Баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге», – дейді, ал құлақсыз туылған бөбектердің жанайқайын естімейтін құлағы бар биліктің ұяты кімге?

Микротия және атрезия патологиясының емі бар екен. Құлақтың ішіне ота жасап, есту каналдарын ашып, сыртына табиғи құлаққа ұқсас қылып орнатып береді. Ол Америка Құрама Штаттарында. Бір құлаққа жасалатын операцияның құны былтыр 99 мың доллар болған, биыл 105 мың 200 доллар. Бір ай уақытты алатын реабилитация, барып-келу жолы, жатын орын, тамақ дегендерің аталған ақшаның сыртындағы шығын.

Естімейтін баламның үнін естіртейін деп ата-аналар тиісті министрлікке жүгінген ғой, сонда мынадай ресми жауап алыпты: «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ деректері бойынша микротия және атрезия патологиялары бар балалар бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберілетін балалар санатына жатпайды және медициналық көмек сапасының мониторингі департаментінің «Мұқтаж пациенттер» тізіміне енгізілмейді».

«Жас бала құстың көлеңкесінен тонады» дейтін қазақпыз. Әлгіндей жауаптарды алғанда құлақсыз туылған баланың жаны қалай жаурайды десеңізші? Шырылдаған ата-аналар ақырында «Қазақстан халқына» қорына барыпты. Бірақ қор да оларды қор қылып қайтарған. «Қазақстан халқына» қорына барған ата-аналарға олар: «Бізде бұл мақсатқа ақша қарастырылмаған» деген суық, суыт жауап берген.

Қазақстанда аталған дертті емдейтін маман жоқ, әйтпесе естімейтін баласының жанайқайын билікке естірте алмай жүрген ата-ана Америка асып қайтеді? Бұл тек ресми тіркелген 3 мыңнан астам баланың ата-анасының жанайқайы, науқас ретінде тіркелмегендері тіптен көп.

Бірінші. Микротия және атрезия патологиясына шалдығып, бір құлақсыз туылған балаларға да мүгедектіктің берілуін қамтамасыз етуді сұраймын.

Екінші. «Қазақстан халқына» қоры арқылы аталған дертті емдеу үшін балалардың Америка Құрама Штаттарына баруын қамтамасыз етулеріңіз қажет, тиісті қаржыны бөлу керек. Шешімді жедел қабылдау шарт, себебі бұл дерт балалардың екінші сау құлағының есту қабілетін нашарлатып жатыр.

Үшінші. Қазақстандық білікті дәрігерлерді микротия және атрезия патологиясын емдеудің тәсілдерін меңгеру үшін Америка Құрама Штаттарына оқуға жедел жіберу керек. Дәрігерлердің өзі де қазір ықылас білдіріп отыр. Құлақсыз туылған, естімейтін балапандардың жанайқайын құлағы бар билік өкілдерінің еститін кезі келді емес пе?!

Аталған мәселелерді ескеріп, ұсыныстарды назарға алып, заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша жауап күтемін.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі депутат Н. Сәрсенғалиев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұқаев Дәулет Төлеутайұлына беріледі.

МҰҚАЕВ Д.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа.

«Астана еліміздің бас қаласы болғанына 25 жылдан асты. Бұл ширек ғасырда Елордамыз күннен-күнге көркейіп жатқанын жарыса айтып келеміз. Бірақ Астана тек сол жағалау мен «Байтерек» маңайынан тұрмайтынын естен шығаратын секілдіміз. Қала маңындағы шағын аудандардың мәселесі шаш етекпен. Соның бірі – Үркердегі халықтың үркі қарап отырған кәріз тазарту станциясының салынуы.

Үркі қарайтындай жөні бар. Осы уақытқа дейін «Астана су арнасына» қарасты қалалық кәріз тазарту станциясының зардабын сол үркерліктер тартып келеді. Жаз болса үйге қамалып, таза ауадан тарылған елдің алды бүгінде ауырып бастаған. Тұрғылықты халық арасында астма, онкологиялық аурулар өрши түскен. Бір кәріз тазарту станциясынан құтыла алмай жүргенде, 2016 жылы қабылданған шешім бойынша тағы екі кәріз тазарту станциясы салынатынын естіген жұрт наразы.

Халық санының өсуіне байланысты жалғыз кәріз тазарту станциясының қауқары жетпейтіні түсінікті. Ел оның салынуына емес, тұрғын үй алқаптары маңына жақын салынуына қарсы. Құжаттамаға сүйенсек, нысан Қорғалжын трассасының бойында, «Карамель» тұрғын үй кешеніне қарама-қарсы жерге салынады. Тұрғындардан небәрі ұзақтығы 2 мың 791 метрді немесе 3 километр қашықтықты ғана құрайды. Оны картадан да көруге болады.

Одан қала берді екінші кәріз тазарту станциясы қала халқы демалатын жасыл желекпен бес қадамдық жерде, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы болып саналатын Бозоқ қаласының аспан асты музейіне жақын орналаспақ. Елорда халқының мәдени тынығуына да кедергісін келтіретіні сөзсіз.

Мұндай маңызды нысандар қала маңынан тыс аумаққа, кемі 50 шақырым алшақтыққа салынса дейді. Бұл нысандарды салуда жергілікті халықтың пікірі мен рұқсаттары негізге алынбаған, белсенді тұрғындармен қоғамдық тыңдау ұйымдастырылмаған. Бүгінде петиция жариялап, басым көпшілігі өзінің қарсы екендігін де көрсетіп отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарына да ақпараттар жариялап, тұрғындар талап-тілектерін бірнеше рет жеткізген. Одан да еш нәтиже болмаған.

Экологиялық кодексте стационарлық көздің және стационарлық көздер жиынтығының жол берілетін шығарындыларының нормативтерін сақтау мониторингі мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдердің бекітілген тізбесіне сәйкес өлшеу арқылы жүзеге асырылады делінген. Бірақ Үркер аймағында мониторинг жүргізілмеген.

Қысқаша айтқанда, Үркер аймағындағы белсенді тұрғындар үнемі хат жазады, кездесулерде «біз сасып жатырмыз, біздің аймақта тыныс алу мүмкін емес» дегенді жиі жеткізеді.

Жоғарыда аталған халықтың талап-тілегін ескере отырып төмендегі ұсыныстарды жолдаймын.

1. «Астана су арнасы» жұмыс істейтін объектіге қоғамның қатысуымен апта ішінде тәуліктің әртүрлі уақытында (түнде де) ауа сынамасын алу үшін экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қажет. Нәтижелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және қажетті шараларды қабылдау керек.

2. Кәріз тазалау станциясы аймағында тұратын астаналықтардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету, атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерінің электрондық дисплейі бар шығарындылар көзінде автоматтандырылған бақылау жүйелерін орнату. Алдағы уақытта барлық кәріз тазалау станциясы сүзгілерін жаңа сүзгілерге ауыстыру.

3. Астана қаласынан 50 шақырымға дейін кәріс тазалау станциясы құрылысын салуға шектеу қойылсын.

4. 2023 – 2024 жылдары Үркер, Комсомольский, Жағалау шағын аудандарын, Тұран даңғылы бойында, Қорғалжын тас жолы, Айтматов көшесі және Қараөткел бойында орналасқан тұрғын үй кешендерін қалың көгалдандыру жұмыстарын қолға алу.

Жоғарыда аталған мәселеге баса назар аударуды сұраймын.

Құрметпен депутат Д. Мұқаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Смирнова Ирина Владимировнаға беріледі.

СМИРНОВА И.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос адресован Министру здравоохранения.

«Во фракцию Народной партии неоднократно обращаются родители детей, имеющих тяжелые, неизлечимые заболевания и нуждающихся в паллиативной медицинской помощи. Однако, как показывает практика, облегчение боли часто недоступно для маленьких пациентов. Ограничен доступ к препаратам, купирующим болевой синдром, нет достаточного количества хосписов, бригад по оказанию паллиативной помощи на дому, стационарных паллиативных коек. Не имея возможности помочь, медучреждения стремятся избавиться от больных в инкурабельной стадии и выписывают их домой. В итоге дети и их родители остаются один на один со своими страданиями.

Вместе с тем в 2020 году в Казахстане был утвержден стандарт оказания паллиативной помощи. В стандарте есть глава, посвященная детству, она только одна, и то всего десять строчек.

Министерством здравоохранения разработана Дорожная карта развития паллиативной помощи детям на 2022-2024 годы. Паллиативная помощь включена в гарантированный объем бесплатной медицинской помощи, однако реальных положительных изменений для пациентов не произошло.

В европейских странах дело обстоит иначе. Например, в Польше паллиативная помощь является отдельным направлением здравоохранения, финансирование которого осуществляется за счет бюджета. В Голландии существует около 200 организаций паллиативной помощи с высоким уровнем финансирования государством.

В нашей стране основное бремя по организации такой помощи маленьким пациентам берут на себя неправительственные организации, существующие на пожертвования. Они вносят огромный вклад в поддержку детей и развитие системы оказания паллиатива. Однако НПО не могут в полной мере обеспечить все необходимое, они и сами порой находятся на грани закрытия. Неправительственным организациям

недоступна государственная финансовая поддержка, связанная с оказанием паллиативной помощи детям.

Отдельная очень серьезная проблема – обеспечение обезболивающими лекарствами второго и третьего уровней детей, выписанных домой на паллиативное лечение, так как эти препараты доступны только в стационаре. Жизнь без обезболивающих для таких детей – тяжелое испытание.

Хотелось бы напомнить нашим чиновникам, что неоказание паллиативной помощи по стандартам ООН приравнивается к истязаниям.

Фракция Народной партии Казахстана предлагает:

- 1) создать инфраструктуру паллиативной помощи для детей;
- 2) разработать критерии такой помощи, отдельные клинические протоколы, создать специальные врачебные комиссии для определения детского паллиативного статуса;
- 3) необходимо выделить порядок оказания паллиативной медицинской помощи детям как отдельный педиатрический стандарт;
- 4) расширить перечень лекарственных, технических и медицинских средств для паллиативной помощи детям;
- 5) решить вопрос расширения применения действенных анальгетиков детям, в том числе наркотических;
- 6) расширить гарантированный объем бесплатной медицинской помощи в сфере нутритивной поддержки;
- 7) разработать систему подготовки врачей-педиатров для оказания паллиативной помощи;
- 8) поддержать программу «Защита прав детей с ограниченным сроком жизни ввиду их заболевания» и адвокацию прав детей с паллиативным статусом;
- 9) обеспечить достаточную финансовую поддержку неправительственных организаций, оказывающих паллиативную помощь детям».

Спасибо. Ждем ответа.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Баққожаев Анас Ахатұлына беріледі.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрдің орынбасары Жұманғаринге.

«Құрметті Серік Мақашұлы! Азық-түлік қымбат. Оны жақсы білесіз. Бүгінде қазақстандықтар тапқан табысының 60 пайызын азық-түлікке жұмсайды. Еуропаның дамыған елдерінде бұл көрсеткіш 11-35 пайыз аралығында. Санкцияның астында қалған ресейліктер Қазақстанға қарағанда азық-түлікке екі есе аз шығындалады.

Бір қызығы, азық-түлік қымбат болса да, соны қалаға жеткізіп отырған ауыл азаматтары, кәсіпкерлер, шаруалар еш байып отырған жоқ. Неге? Себебі пайданың барлығы базарды, дүкенді, сауда орталықтарын торуылдаған делдалдардың қалтасында қалып отыр.

Бүгінде азық-түлік бағасының тұрақсыздығы, оның қымбаттауына себепкер болып отырған қаланың көтерме базарлары, сол базарларды торуылдаған делдалдар. Бұларды ұйымдасқан топ деп те айтуға болады.

Өздеріңіз қараңыздар, қақпаға кіру үшін бір төлейсіз, қақпаның ішіне кіргеннен кейін көліктің орнына тағы төлейсіз. Таразыға төлейсіз, арбаға төлейсіз, анықтамаға төлейсіз, тағы да басқа қағаздарыңыз бар.

Міне осылайша шаруаның 1 мың 900 теңге тұратын сиыр еті біздің дастарқанға келгенше 3 мың 200 теңгеге айналады. 80 теңгенің картобы 250 теңгемен келеді. Азық-түлік түрлерінің қайсысын алсаңыз да осындай жағдай.

Тағы бір мәселе – базардың маңындағы қоймалар. Алыпсатарлардың қоймалары қазір көбейіп кетті. Шаруалар базардың тәлкегінен әбден шаршайды, сөйтеді де арзан бағаға сатып кетеді. Сол өнімді сатып алады да, бір-екі сағат ұстайды да, дәл сол базарға өздерінің сатушылары арқылы баға қосып сатып, тер төкпестен байып отыр. Ол бүгінгі шындық.

Егер әкімдіктер, Сауда және интеграция министрлігі осындай делдалдарды ауыздықтап алмаса, бұл процесті реттей алмаса, онда мемлекеттің ықпалы қайда?

Әрине, бұл мәселенің нарықтық шешімі бар, жоқ емес. Сол туралы мен бірер сөз айтайын деп едім.

Кооперативтік дүкендер бар. Кооперативтік дүкендердің негізгі мақсаты пайда табу емес, олардың мүшелері сол дүкендердің төңірегінде тұратын азаматтар, қарапайым адамдар, тұтынушылар. Әлемде, Еуропада, барлық елдерде бұл кооперативтік дүкендер өте жақсы дамыған. Мысалы, Швейцарияда «Мигрос» деген дүкен бар. 40 жыл бойы кооперативтік негізде жұмыс істейді. Оның қожайыны бір адам емес, кәсіпкер емес, оның қожайыны Швейцарияда тұратын 2 миллион азаматтың өзі.

«Эдека», «Мандрагон» кооперативтері тауарларды өзіндік құнымен қоса қызмет түрлерін де өзіндік құнымен ұсынады осы азаматтарға. Сондықтан бүгінгі күні осы кооперативтік дүкендерді нарықтық принциппен дамытуға болады. Астана қаласында, барлық жерлерде осындай сауда орындарын ашуға болады, халықты жұмылдыруға болады. Ең керегі – алғашқы адам. Пилоттық жоба жасап, адамдарды біріктіріп, кооперативтік дүкендерді ашып, ары қарай кеңейтіп, ауылдағы шаруалармен байланыстырса, өндірістік кооперативтермен байланыстырса, азық-түліктің бағасы 50 пайызға дейін төмендейді.

Осы ұсыныстарды қарап, бізге жауап беруіңізді сұраймыз.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Барлыбаев Ерлан Хайланұлына беріледі.

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан.

«Уважаемый Алихан Асханович! 14 июня 2023 года фракция партии «Ақ жол» направила депутатский запрос в адрес акимов и председателей маслихатов всех областей и городов республиканского значения о необходимости снижения ставки розничного налога для малого бизнеса с 4 до 2 процентов.

Однако всего три региона (Костанайская, Карагандинская области и город Астана) приняли решение о снижении ставки розничного налога до 2 процентов, остальные по-прежнему применяют верхнюю планку в 4 процента.

В результате, если ранее по упрощенному налоговому режиму малый бизнес оплачивал 3 процента, то теперь ему приходится платить от 4 до 8 процентов, то есть вместо

ожидаемого облегчения произошло увеличение налоговой нагрузки. Хотим напомнить, что целью розничного налога является оздоровление бизнес-климата.

Демократическая партия «Ақ жол» считает, что такая позиция госорганов противоречит экономической политике государства.

Учитывая вышеизложенное, фракция «Ақ жол» просит рекомендовать акимам и председателям маслихатов всех областей и городов республиканского значения снизить ставки розничного налога для малого бизнеса с 4 до 2 процентов или же вернуть упрощенный налоговый режим для малого бизнеса.

С уважением, депутаты фракции партии «Ақ жол».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Садықов Асқар Аманбайұлына беріледі.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Төраға.

«Ақ жол» партиясының депутаттық сауалы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министріне.

«Ақ жол» демократиялық партиясына мүгедектіктің 1-ші тобына жататын, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің терминальды деңгейіндегі пациенттерге тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында көрсетілетін гемодиализ қызметіне тарифтердің қайта қаралуы бойынша бірқатар медициналық мекемелер жүгінді. Гемодиализ мүгедектіктің осы тобы үшін өмірлік маңызы бар медициналық процедура болып табылады.

Қазақстандағы деректерге сүйенсек, диализбен ауыратын 8 мыңнан астам науқастың 90 пайыздан астамы, яғни 7 мың 200 адам мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында еліміздің барлық өңірлеріндегі жеке амбулаториялық диализ орталықтарында медициналық көмек алады. Яғни, бұл қызметті көрсетуде мемлекеттік ауруханалардың үлесі өте аз.

Жеке инвесторлармен серіктестік 7 миллиард теңгеден астам күрделі салымдар кезеңінде бюджет қаражатын пайдаланбауға, бүйрек алмастыру терапиясының әлемдік стандарттарын енгізуге, әлеуметтік мәселенің өзектілігін төмендетуге мүмкіндік берді. Жеке инвестициялардың арқасында диализ Қызылорда облысының Қазалы, Түркістан облысының Асықата, Қарағанды облысының Қарқаралы елді мекендері секілді еліміздің әр өңірінде қолжетімді.

Диализ қызметі Қазақстанның денсаулық сақтау саласына шетелдік инвестицияларды табысты тартудың жарқын мысалы болып табылады. Алайда бүгінгі таңда гемодиализге арналған қолданыстағы тариф диализ орталықтарының қажеттіліктерін өтемейді.

2022 жылы инфляцияның 20,4 пайыз, ал 2023 жылдың сегіз айында 16,8 пайыз болғанын ескергеннің өзінде гемодиализге арналған тарифтер 2022 жылдан бері қайта қаралмаған.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясы келесі сұрақтарға жауап беруді сұрайды.

1. Неліктен өкілетті органдар диализ орталықтары үшін лайықты тариф қалыптастыруға қатысты әрекеттер жасамады?

2. Жеке гемодиализ орталықтарының жабылу қаупі мен ірі халықаралық инвесторлардың Қазақстан нарығынан кетуіне жол бермеу үшін қандай шаралар жоспарлануда?

Президенттің «медицинада дұрыс жағдайлардың жасалуы» туралы тапсырмасы мен «инвестиция орнына тариф» концепциясын ескере отырып, кері әлеуметтік-экономикалық әсерлерді тудырмас үшін бағдарламалық амбулаториялық гемодиализ қызметтерін көрсету тарифін 20 пайызға арттыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Исабеков Данабек Ержанұлына беріледі.

ИСАБЕКОВ Д.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсеноваға және Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Асылловқа.

«Біздің депутаттық сауалымызға негіз болған Шымкент қаласы әуежайына іргелес аумақтарда тұратын адамдардың жанайқайы.

Бүгінде республика бойынша әуежай маңындағы аумақ шегінде белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында онда заңсыз орналасқан тұрғын үйлерді және басқа да ғимараттарды бұзу және жер учаскелерін мемлекет мұқтажына алу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Шымкент қаласы бойынша әуежай шекарасынан 100 метр қашықтық осындай қауіпті аймақ деп белгіленген.

Қалалық әкімдіктің ақпаратына сәйкес Шымкент қаласының әуежайы бойынша осындай қызыл сызық аумағында барлығы 284 жер учаскесі орналасқан.

Онда басқа объектілермен қатар халық тұратын 179 жекеменшік тұрғын үй орналасқан. Олардың ішінде 128 үйдің құжаты бар, ал қалған 51 үйдің құжаты заңдастырылмағаны, жер учаскесін иелену туралы мемлекеттік актісі жоқ екені анықталған.

Мұндай жағдайдың республиканың барлық өңірлерінде орын алып отырғаны белгілі. Бұған дәлел Бас прокуратураның мәліметі, ол бойынша аэродром маңы аумағында тиісті келісімі алынбаған 100 мыңнан астам құрылыс нысандары салынған.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласы бойынша әуежай шекарасынан 100 метрлік аумақта орналасқан тұрғындарға олардың жер учаскелерін мемлекет мұқтажына қайтару туралы хабарлама тарату жұмысы жүргізіліп жатыр. Алайда жер учаскелерінің алынатындығы тұрғындар арасында үлкен қобалжу мен аландаушылық туғызып отыр. Әсіресе 15-20 жылдан бері осы жерде тұрып жатқан, алайда үйлері заңдастырылмаған 51 отбасы баспанасынан айырылып қана қалмай, сонымен қатар олар мемлекет тарапынан нарықтық бағамен берілетін өтемақыны да алуға құқықтары болмай отыр.

Бұл жағдай Шымкентте халық арасында дүрбелең туғызуы ықтимал фактор.

«AMANAT» фракциясы қандай да бір шешім қабылданған кезде азаматтардың мұң-мүддесі ескерілуі тиіс деп есептейді.

Сондықтан:

1) 51 отбасының өздері тұрып жатқан жер учаскелеріне құжаттарын рәсімдеп, заңдастыруы үшін шұғыл шаралар қабылдауды;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажына қайтару кезінде берілетін өтемақы сомасында тұрғын үйдің бағасымен қатар жер учаскесі құнының есепке алынуын қатаң бақылауға алуды;

3) Шымкент қаласы аэропортының ұшу жолақтарын солтүстік-батыс аумағына көшіру мәселесін қарастыруды сұраймыз.

Құрметпен «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа.

«Қазіргі геосаяси жағдайда еліміздің барлық өңірлерінде сауда-логистикалық хабтарды жедел дамыту қажеттілігі артып келеді. Идея ұзақ уақыт бойы пысықталуда, оны іске асырудың әртүрлі нысандары ұсынылды, бірақ, тұтастай алғанда, мәні бір мақсат – халықаралық тауар өткізу жүйелеріне интеграцияланатын жаңа тауарларды складтау, сақтау, қайта өңдеу және өндіру бойынша қызметтер көрсететін сауда-логистикалық орталықтарды құру.

«Қазақстан өңірдің азық-түлік хабына айналуы жоспарлап отыр. Осы мақсатта өнім өндіру, сақтау және тарату жұмыстарын ұштастыратын сауда-логистикалық байланыстардың өңіраралық жүйесі құрылады», – деді Президент жақында Германияға жасаған ресми сапары барысында.

Қазіргі уақытта ел ішінде сауда-логистикалық хабтарды құру және дамыту шешілмеген мәселе болып тұр.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып тұрғанын ескере отырып, аталған хабтарды барынша дамыту қажет. Өйткені мұның маңызды аспектісінің бірі – халықты қолжетімді бағамен базалық азық-түлікпен қамтамасыз ету.

Бұл «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» атты бағдарламасының басты бағыты. Статистикаға сәйкес елімізде жыл сайын азық-түлік тауарларының қымбаттауы байқалады. Мемлекет басшысы бірнеше жыл бұрын бағаны тұрақтандыру және отандық фермерлердің өнімін өткізу мәселесін көтерме-тарату орталықтары желісін іске қосу арқылы шешуін тапсырған еді.

Сонымен қатар қойылған тапсырмаларды орындау бойынша мемлекеттік органдардың салалық мүмкіндіктерінің үйлесімділігінің жоқтығы осы жерде байқалып отыр.

Көлік министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі барлығы өндіріс балансын, өнім көлемін, оның сапасын, тиімді көлік және цифрлық шешімдерді, ішкі және сыртқы қажеттіліктерді бағаламай тек өз бағытында жұмыс істеуде.

Таяу болашақта азық-түліктің экспорттық-импорттық жеткізілімін қамтамасыз ету, жоспарланып отырған халықаралық көлік дәліздерін дамыту жөніндегі заманауи жобаларын мемлекеттік қолдау тетігі – ол экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі болуға тиіс.

Бұл сауда нарықтарын жаңғырту үшін серпін болады және тұтастай алғанда елдің экономикалық саясатының мақсаттарына қол жеткізуге және сауданың қазіргі заманғы форматтарын дамытуға ықпал ететіні белгілі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз мыналарды ұсынамыз.

Біріншіден, салалық министрліктердің қарамағындағы барлық бағыттарды нақты шоғырландыра отырып, еліміздің сауда, азық-түлік, логистикалық хабқа айналуы жөніндегі бірыңғай интеграциялық стратегияны қалыптастыру.

Екіншіден, дамуды және жеке инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін сауда-логистикалық хабтар арқылы көтерме сауданы жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет.

Үшіншіден, инвестициялардың қажетті көлемін, басымдықтарды, мемлекеттік қолдау алудың өлшемшарттары мен шарттарын айқындап сауда-логистикалық хабтарға мемлекеттік қолдау мәселесін қарастыру.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Д. Тұрғанов».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Керімбек Болат Бакбергенұлына беріледі.

КЕРІМБЕК Б.Б. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Склярға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Сағымбаевқа жолданады.

«Биыл шілде айында Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің бірнеше депутаты Жетісу және Жамбыл облыстарындағы шекара әскери бөлімдерінде болып, қауіпсіздік мәселелерін іштей зерделеді.

Көптеген әскери бөлімдерде қажетті жағдай жасалмаған. Ауызсу, жылу, жарық беру, кадр, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мәселелері де бар.

Сонымен бірге шекараны қорғаудың техникалық және байланыс құралдарының ескіруі, инфрақұрылымның тозуы қатты алаңдатады.

Мәселен, қазіргі таңда шекара заставаларының біразы апаттық жағдайда, тозығы жеткен 50-60 жылдары салынған ескі үйлерде орналасқан.

Шекараны бекемдеу мақсатында 2006 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданған. Бағдарлама аясында 68 объектінің құрылысы жоспарланған, қажетті қаражат бөлінген. Алайда оның 15-і аяқталмай қалған.

2017 жылы аяқталмай қалған 15 объектіге аудиторлық тексеру жүргізілген. Олардың үшеуі апаттық, ал тоғызының жағдайы талапқа сай келмейді.

Осындай кемшіліктерді Солтүстік Қазақстан облысына барған іссапарымызда заставаларды салуда орын алғанын көрдік.

Құрылыс компаниялары нысанды толық аяқтамай жатып «құрылыс материалдары қымбаттады» деп жобаның сметасына қосымша ақша сұрайды, салу мерзімін созады.

Жосықсыз мердігерлердің жауапсыздығынан шекара саласында көптеген проблемалар шешімін таппайды.

Осыған орай шекара мәселесін шешу мақсатында 2024 – 2028 жылдарға арналған шекара қауіпсіздігінің кешенді жоспары әзірленген.

Сонымен қатар мемлекеттік шекара инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша Жол картасы бекітілген. Қарастырылған мәселелерге 700 миллиард теңге қажет. Алайда Мәжілісте қаралып жатқан бюджетте шекара саласының бірінші кезектегі ең керекті мәселелерін шешуге қажетті қаражат қарастырылмай отыр.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай отырып, елдің егемендігін, аумақтың тұтастығын, ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және әлемдегі геосаяси жағдайды ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) 2030 жылға дейін Қарулы Күштерді дамыту тұжырымдамасының орындалуын қамтамасыз етуді;

2) шекара қызметінде бастапқы сержанттан генералға дейінгі әскери кадрларды даярлау, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында курстық дайындықтардан өту бойынша шаралар қабылдауды;

3) әскери қызметшілердің әлеуметтік пакетін жетілдіруді;

4) шекара инфрақұрылымын жаңартуға бағытталған арнайы іс-шаралар қабылдауды;

5) шекара қызметін және қорғаныс саласын қаржыландыруда жалпы ішкі өнімнің кем дегенде 1 пайызына дейін жеткізуді және оны заңмен бекітуді ұсынамыз.

Депутаттық сауалдың толық нұсқасы сіздерге жолданады.

Жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша түрде жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен Мәжіліс депутаттары С. Нұртаза, М. Рожин, А. Сарым, Б. Керімбек, Е. Саурықов, О. Құспеков».

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сонымен депутаттық сауалдарды жариялап болдық. Басқа ұсыныстарыңыз болмаса Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар. Рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 18 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Кабинетом Министров Кыргызской Республики о сотрудничестве в области авиационного поиска и спасания»

**Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
Н.С. САБИЛЬЯНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад председателя Комитета по экономической реформе и региональному развитию САБИЛЬЯНОВА Н.С. 1

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданындағы индустриялық сауда-логистикалық кешеннің қызметін құру және реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Кабинетом Министров Кыргызской Республики о создании и регулировании деятельности индустриального торгово-логистического комплекса в районе автодорожных пунктов пропуска «Ак-Тилек» и «Карасу»»

**Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы
Н.С. САБИЛЬЯНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад председателя Комитета по экономической реформе и региональному развитию САБИЛЬЯНОВА Н.С. 2

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам трансфертного ценообразования»

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы М.Т. ТАКИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТАКИЕВА М.Т. 2

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года в части определения порядка взимания косвенных налогов при оказании услуг в электронной форме»

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы М.Т. ТАКИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТАКИЕВА М.Т. 2

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жаңа редакцияда ұсынған жекелеген баптары жөнінде

Об отдельных статьях Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам начисления детям средств из Национального фонда Республики Казахстан, их выплат и использования», предложенных Сенатом Парламента Республики Казахстан в новой редакции

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.Т. БЕЙСЕНҒАЛИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету БЕЙСЕНҒАЛИЕВА Б.Т. 4

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (первое чтение)

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам налогообложения» (первое чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы М.Т. ТАКИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ТАКИЕВА М.Т.	5
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
ШАПАҚ Ү.	6
МУСРАЛИНОВ А.С. – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі басшысының орынбасары, заместитель руководителя Судебной администрации Республики Казахстан	6
ИСАБЕКОВ Д.Е.	7
ӘБДІРАХМАНОВ Н.А. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағаның бірінші орынбасары, первый заместитель председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка	7
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Министр национальной экономики Республики Казахстан	7
РАҚЫМЖАНОВ А.Н.	7
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	8
АДАМБЕКОВ Т.С.	8
БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан	9
СӘДІБЕКОВ Ү.	9
БІРЖАНОВ Е.Е.	9
ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж.	10
ОСПАНОВ І.Е. – Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрінің міндетін атқарушы, исполняющий обязанности вице-министра промышленности и строительства Республики Казахстан	10
БЕЙСЕНБАЕВ Е.А.	11
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	11
АВЕРШИН К.В.	11
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	12
САБИЛЬЯНОВ Н.С.	13
БІРЖАНОВ Е.Е.	13
МУСРАЛИНОВ А.С.	13
САБИЛЬЯНОВ Н.С.	14

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі М.Н. ЕРГЕШБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ЕРГЕШБАЕВА М.Н.	14
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
ЖҰБАНОВ Ә.О.	15
ПЕРУАШЕВ А.Т.	16

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы Астанада (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Всемирной организацией здравоохранения об организации в Астане (Республика Казахстан) семьдесят третьей сессии Европейского регионального комитета Всемирной организации здравоохранения»

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

А. ГИНИЯТТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра здравоохранения Республики Казахстан ГИНИЯТ А. 18

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ИМАШЕВА С.В. 19

САДЫҚОВ А.А. 20

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. 21

САТЫБАЛДИН Е.Ж. 22

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі,
вице-министр юстиции Республики Казахстан 22

ӘБЕНОВ М.А. 22

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Ж.Д. СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию
СУЛЕЙМЕНОЙ Ж.Д. 23

Сөз сөйлеген:

Выступил:

САРЫМ А.Ә. 24

Депутат Т.Г. СЕРІКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СЕРИКОВА Т.Г. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 25

Депутат Ж.С. ӘШІМЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АШИМЖАНОВА Ж.С. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 27

Депутат Д.А. ҚАСҚАРАУОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КАСКАРАУОВА Д.А. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 28

Депутат Ә.О. ЖҰБАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЖУБАНОВА А.О. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.	29
Депутат М.М. МАГЕРРАМОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата МАГЕРРАМОВА М.М. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.	30
Депутат Б.А. СМАҒҰЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата СМАГУЛОВА Б.А. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К.	31
Депутат Н.А. СӘРСЕНҒАЛИЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға, «Қазақстан халқына» ҚҚ төрағасы Б.Б. Жәмішевке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата САРСЕНГАЛИЕВА Н.А. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б., председателю ОФ «Қазақстан халқына» Жамишеву Б.Б.	32
Депутат Д.Т. МҰҚАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата МУКАЕВА Д.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	33
Депутат И.В. СМІРНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А. Ғиниятқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата СМІРНОВОЙ И.В. к Министру здравоохранения Республики Казахстан Гиният А.	35
Депутат А.А. БАҚҚОЖАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БАККОЖАЕВА А.А. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Жумангарину С.М.	36
Депутат Е.Х. БАРЛЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БАРЛЫБАЕВА Е.Х. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	37
Депутат А.А. САДЫҚОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А. Ғиниятқа депутаттық сауалы	

Депутатский запрос депутата САДЫКОВА А.А. к Министру здравоохранения Республики Казахстан Гиният А.	38
--	----

Депутат Д.Е. ИСАБЕКОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИСАБЕКОВА Д.Е. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дүйсеновой Т.Б., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асыллову Б.Н.	39
--	----

Депутат Д.Н. ТҰРҒАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТУРҒАНОВА Д.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	40
---	----

Депутат Б.Б. КЕРІМБЕКТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Е.А. Сағымбаевқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КЕРІМБЕКА Б.Б. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В., Председателю Комитета национальной безопасности Республики Казахстан Сағымбаеву Е.А.	41
---	----

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ӘЛИЕВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА